Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова,
Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина,
Л. С. Нурмуханова, Б. Қ. Мукеева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің
Республикалық ғылыми-практикалық
білім мазмұнын сараптау орталығы ұсынған

3-сынып
2-бөлім

Көкжиек-Горизонт
Алматы, 2026

© «Көкжиек-Горизонт»

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Каз-922
Қ 17

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:

 — Тыңда

 — Қайтала. Суретке қарап, сөйле

 — Оқы

 — Жаз

 — Жұптық жұмыс

 — Топтық жұмыс

 — Бастапқы деңгей

 — Орта деңгей

 — Жоғары деңгей

Авторлар: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова,
Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина,
Л. С. Нурмуханова, Б. Қ. Мукеева

Рецензенттер: Н. М. Абишева — педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
А. С. Берекенова — қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-шебер.

Қ 17 Қазақ тілі: Оқулық. Бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған (оқыту қазақ тілінде емес). Екі бөлімнен тұрады. 2-бөлім / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Л. С. Нурмуханова, Б. Қ. Мукеева. — Қайта басылым, түзетілген және толықтырылған. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2026. — 174 б.

ISBN 978-601-363-184-4 (2-бөлім)
ISBN 978-601-363-183-7 (жалпы)

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Каз-922

ISBN 978-601-363-184-4 (2-бөлім)
ISBN 978-601-363-183-7 (жалпы)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2026
© Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Л. С. Нурмуханова, Б. Қ. Мукеева, 2026

Жас дос!

Халықтық Конституцияда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі» деп жазылған. Осы оқулық арқылы қазақ тілінде еркін сөйлеуге, сауатты жазуға үйренесің.

3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы 2 бөлімнен тұрады. Осы 2-бөлімде «Өнер» тақырыбында ән, би, қолөнер туралы қызықты тапсырмалар орындайсың. «Атақты тұлғалар» тақырыбы бойынша Дина Нұрпейісова, Құрманғазы Сағырбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Бауыржан Момышұлы сынды ұлы адамдар туралы қызықты мәлімет аласың. «Су — тіршілік көзі» тақырыбында судың денсаулыққа пайдасы, табиғаттағы рөлі туралы біліп, достарыңмен ой бөлісесің. «Демалыс мәдениеті. Мерекелер» деп аталатын бөлімде демалысты дұрыс өткізу, мерекелерді тойлай білу мәдениеті жайлы пікірлесесің. Соңғы тақырыптарда жазғы демалысты қалай өткізу жөнінде жоспар құрып, әңгімелесуге үйренесің.

Сонымен қатар «Қазақ тілі» сабақтарында сені қызықты тапсырмалар күтеді. Сен қазақша сөйлеуді үйренесің, түрлі тақпақтар жаттайсың. Тапсырмаларды жұппен, топпен ақылдаса отырып, орындауға дағдыланасың. Мұндай тапсырмалар саған достарыңмен жақын араласуға, ойыңды еркін жеткізуге көмектеседі. Сөйтіп, қазақ тілінде дұрыс сөйлейтін боласың.

Талабыңа нұр жаусын, жас дос!



5 Өнер

Өнер, білім арқылы жастарымыз еңбекқор болып өседі.
Қасым-Жомарт Тоқаев



өнер, өнерлі, ән, музыка, қобыз



музей, көне заттар

ТІРЕК СӨЗДЕР:



қолөнер, шебер, ойыншық



ОҚУШЫ, СЕН БҰЛ МОДУЛЬДЕ:

- әртүрлі өнермен танысасың;
- мәтіндер арқылы ән айту, қолөнер жасау, шеберлік сияқты өнердің адам өміріндегі маңызын түсінесің;
- отбасы мүшелері мен достардың өнері туралы әңгімелей отырып, өнерді қадірлеуді білесің;
- тыңдаған мәтіннің тақырыбын анықтайсың;
- тыңдаған материал бойынша сұрақтарға жауап бересің;
- берілген тақырыпқа байланысты сөздерді тауып үйренесің.



Оқу барысында сен мыналарды ҮЙРЕНЕСІҢ:



сурет пен тірек сөздер бойынша оқиға желісін баяндауды;





мәтін мазмұны туралы сұрақ құрауды;

мәтінді не оның бөлімдерін мәнерлеп оқуды;



тірек сөздерді пайдаланып, оқыған материалдың мазмұнын жазуды;



шағын мәтіннен жіктік жалғаулы сөздерді тауып, дұрыс қолдана білуді.



1 Отбасым өнерлі

Тақырыпқа қатысты сөздерді тауып, сөйлегенде қолданасың.

Мен өнер+лі+мін
Сен өнер+лі+сің
Сіз өнер+лі+сіз
Ол өнер+лі
Біз өнер+лі+міз
Сендер өнер+лі+сің+дер
Сіздер өнер+лі+сіз+дер
Олар өнер+лі

Мен қатыс+ты+м
Сен қатыс+ты+ң
Сіз қатыс+ты+ңыз
Ол қатыс+ты
Біз қатыс+ты+қ
Сендер қатыс+ты+ң+дар
Сіздер қатыс+ты+ңыз+дар
Олар қатыс+ты

Жаңа сөздер

өнер,
белгілі,
зергер,
сырға,
күміс, кілем,
көрме, ою

Дұрыс айт!

өнер [өнөр]
белгілі
сырға
күміс [күмүс]
көрме [көрмө]
кілем

Оқы. Қайтала.



Атам — белгілі зергер.



Әкем домбыра тартады.

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әнел қайда барды?
2. Ол кіммен барды?
3. Оған не ұнады?
4. Әнелдің әжесі қандай шебер?

2-тапсырма. **Оқы. Өз отбасың туралы айт. Мәтіннен өзің туралы, отбасың туралы айтып тұрған сөздерді анықта.**

Менің отбасым өнерлі. Атам — белгілі зергер. Ол кісі күмістен сырға жасайды. Әкем домбыра тартады. Ағам — суретші. Інім ән айтады. Анам киім тігеді. Мен пианинода ойнаймын. Біз «Өнерлі отбасы» байқауына қатыстық. Біз екінші орын алдық.



3-тапсырма. **Сұраққа жауап бер.**

- Оның отбасы қандай?
- Оның атасы зергер ме?
- Ол неден сырға жасайды?
- Әкесі не тартады?
- Олар қандай байқауға қатысты?

4-тапсырма. **Қажетті сөздерді жазып, сөйлемді толықтыр.**

1. ... отбасым өнерлі. 2. ... «Өнерлі отбасы» байқауына қатыстық. 3. Менің атам бар. 4. ... күмістен сырға жасайды. 5. Әнел домбыра тартады. 6. ... домбырасы бар.

Қажетті сөздер: менің, ол, біз, оның.

5-тапсырма. **Кестедегі ақпаратты пайдаланып, сөйлем құра.**


Отбасы мүшесі	Өнер түрі	Құралдары	Сөйлем
Атам	сырға жасау	күміс	*Үлгі:* Атам күмістен сырға жасайды.
Әкем	домбыра тарту	домбыра	
Анам	киім тігу	ине, жіп	
Әпкем	сурет салу	бояу, қылқалам	
Інім	ән айту	микрофон	
Мен	пианинода ойнау	пианино	

6-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, әңгіме құра. Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайында.





7-тапсырма. Сызбаны толтыр.



8-тапсырма. **Жағдаят: Мектепте өтетін «Өнерлі сынып» байқауына сендердің сыныптарың да қатысуы керек.** Сыныптастарыңнан қандай өнер көрсететінін сұра, өзің қандай өнер көрсететініңді айт.

Кел, жаттайық!

Атадан қалған балаға,
Домбыра деген мұрамын.
Нағыз шебер жасаса,
Нардың құны тұрамын.

М. Жұбанова

Есте сақта!

Мен байқауға қатысамын. Менің отбасым өнерлі. Мен домбыра тартамын. Досым ән айтады. Менің сыныбымда өнерлі бала көп.

2 Қарындасым билейді

Әңгімеге қатысып, ойынды толықтырасың.

Мен биле+й+мін
Сен биле+й+сің
Сіз биле+й+сіз
Ол биле+й+ді

Жаңа сөздер

би
моншақ
сахна
қимыл

Дұрыс айт!

би
[бій]
моншақ

Оқы. Қайтала.



1-тапсырма. Сұхбатты тыңда. Саған кімнің таңдауы ұнайды? Пікіріңді айт.

2-тапсырма. **Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.**

Қарындасым Қадиша би үйірмесіне қатысады. Қадишаның әдемі моншағы бар. Оның көйлегі қызыл. Ол жақсы билейді. Ол сахнада достарымен «Қара жорға» биін билейді.

- Қадиша неге қатысады?
- Оның көйлегі қандай?
- Қадишада не бар?
- Ол кіммен билейді?

3-тапсырма. **Сөздерге қосымшалар жалғап, сөйлем құра.**

Гүлсая | қарындас | қатысу | бар | би үйірмесі | әдемі | моншақ

4-тапсырма. **Сұхбатты толықтырыңдар.**

— Оның қарындасының аты кім?
— ..... .
— Оның моншағы қандай?
— ..... .
— Оның қызыл көйлегі бар ма?
— ..... .
— Олар қайда билейді?
— ..... .

5-тапсырма. **Суреттерді пайдаланып, «Бұл кім?», «Не істеп жатыр?», «Саған ұнай ма?», «Неліктен?» деген сұрақтарға жауап бер. Сөйлем құрап жаз.**





ТІЛДІК БАҒДАР

Жіктеу есімдіктері

Жіктеу есімдіктері сөйлемде түрлі септік жалғауларын қабылдап, өзгереді. Мысалы: *Мұғалім **маған** сұрақ қойды. Досым **менімен** бірге ойнады.*

Септік	Мен	Сен	Ол
Атау	мен	сен	ол
Ілік	менің	сенің	оның
Барыс	маған	саған	оған
Табыс	мені	сені	оны
Жатыс	менде	сенде	онда
Шығыс	менен	сенен	одан
Көмектес	менімен	сенімен	онымен

6-тапсырма. **Көп нүктенің орнына тиісті жіктеу есімдіктерін қойып жаз.**

1) Қадиша сахнада ... (менімен, менде, менің) биледі. 2) ... (Оған, оның, онымен) көйлегі әдемі. 3) Мен ... бірге (сенде, сенімен, сенің) үйірмеге барамын. 4) Анасы ... (онымен, оған, онда) моншақ әперді.

7-тапсырма. **Ғаламтордан «Қара жорға» биінің қысқа бейнежазбасын көр. Бейнежазбадан не көргеніңді айт.**



8-тапсырма. **Әлеуметтік желілерден «Рубидің ғажайып әлемі» мультфильмін көр. Руби мен оның достары биді қалай үйренгені туралы әңгімелеп бер.**

Кел, жаттайық!

Биші болам

Аппақ көйлек киемін
Қос етегі бүрмелі.
Кестелеген жиегін
Кең даланың гүлдері.

Оразақын Асқар

Есте сақта!

Мен билеймін.
Биші болғым
келеді. Менің әдемі
моншағым бар.
Ол сахнада билейді.

3 Інім ән айтады

Өз пікіріңді (менің ойымша..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдейсің.

Мен ән айт+а+мын
Сен ән айт+а+сың
Сіз ән айт+а+сыз
Ол ән айт+а+ды

Біз ән айт+а+мыз
Сендер ән айт+а+сың+дар
Сіздер ән айт+а+сыз+дар
Олар ән айт+а+ды

Оқы. Қайтала.



Жаңа сөздер

ән айту
әртіс
құ
түлкі

Дұрыс айт!

ән айту
[ән айтұу]

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Жаңа сөздерді ата.

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Менің атым — Әлібек. Мен үшінші сыныпта оқимын. Інімнің аты — Иманбек. Ол бірінші сыныпта оқиды. Ол ән айтады. Иманбек әнді жақсы айтады. Иманбектің дауысы әдемі. Ол ән үйірмесіне барады. Ініме ертегі ұнайды. Мен оған «Құ түлкі» ертегісін айтамын.

- Сен нешінші сыныпта оқисың?
- Сенің інің нешінші сыныпта оқиды?
- Иманбек ән айта ма?
- Иманбек нені жақсы көреді?
- Иманбектің даусы қандай?
- Ол қандай үйірмеге барады?

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.


Қажетті сөздер: бірінші, үшінші, ән, әдемі, Әлібек, барады, әнді.

Менің атым — ... . Мен ... сыныпта оқимын. Інімнің аты — Иманбек. Ол ... сыныпта оқиды. Ол ... айтады. Иманбек ... жақсы айтады. Иманбектің даусы ... . Ол ән үйірмесіне ... .

4-тапсырма. Оқы. Ақпараттың дұрыстығын көрсет.

ақпарат	дұрыс	бұрыс
Інімнің аты — Иманбек.		
Менің атым — Әлібек.		
Мен бірінші сыныпта оқимын.		
Иманбек үшінші сыныпта оқиды.		
Ол ән айтады.		
Ол сурет үйірмесіне барады.		
Иманбектің дауысы әдемі.		

5-тапсырма. Сызбаны толтыр.



6-тапсырма. Сұхбатты толықтыр.

— Сенің атың кім?
—.....
— Ініңнің аты кім?
—.....
— Ол нешінші сыныпта оқиды?
—.....
— Ол не істейді?
—.....
— Оның дауысы қандай?
—.....
— Ол қандай үйірмеге барады.
—.....

7-тапсырма. **Жағдаят:** Сен мектептегі концертке бардың. Онда сенің інің сахнаға шығып, ән айтты. Оның дауысы әдемі болды. Ол сахнада өзін жақсы ұстады. Концерттен кейін саған сұрақтар қойды.

Тапсырма: «Менің ойымша», «Себебі» тіркестерін пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. Бұл кімнің әні?
2. Інің не істеді?
3. Ол қайда ән айтты?
4. Саған ән ұнады ма?
5. Інің сахнада өзін қалай ұстады?

Есте сақта!

Иманбек бірінші сыныпта оқиды. Иманбек ән айтады. Ол ән айтқанды жақсы көреді. Ол ән үйірмесіне барады.

4 Ағам қобыз тартады

Сөздердің орын тәртібін сақтап, сөйлем құрастырасың.

Мен қобыз тарт+а+мын
Сен қобыз тарт+а+сың
Сіз қобыз тарт+а+сыз
Ол қобыз тарт+а+ды

Біз қобыз тарт+а+мыз
Сендер қобыз тарт+а+сың+дар
Сіздер қобыз тарт+а+сыз+дар
Олар қобыз тарт+а+ды

Оқы. Қайтала.



қобыз тартады

Жаңа сөздер

күй
күйші
қобыз
үн

Дұрыс айт!

күй
күйші [күйшү]
қобыз [қобұз]
үн

1-тапсырма. Сұхбатты тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Олар қайда барады?
2. Музейде қандай аспаптар бар?
3. Әлібекке қандай аспаптың үні ұнайды?
4. Сенің ойыңша, Әлібекке неге қобыздың үні ұнайды?

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

★ Менің ағам бар. Ол он бес жаста. Ағамның аты — Мырзабек. Ол музыка мектебінде оқиды. Ағам қобыз тартады. Мырзабек қобызда әртүрлі күй ойнайды. Ол — күйші.

- Сенің ағаң бар ма?
- Ол неше жаста?
- Оның аты кім?
- Мырзабек қай мектепте оқиды?
- Ол қандай аспапта ойнайды?

3-тапсырма. Жақша ішіндегі тиісті сөздерді қойып, сөйлемді көшір.

Менің (ағам, інім, қарындасым) бар. Ол (он екі, он үш, он бес) жаста. (Менің, оның, сенің) аты — Мырзабек. Ол (спорт, музыка, шахмат) мектебінде оқиды. Ол (домбыра, қобыз, сырнай) тартады. Мырзабек қобызда әртүрлі күй (билейді, айтады, ойнайды).

4-тапсырма. Оқы. Ақпараттың дұрыстығын көрсет.

ақпарат	дұрыс	бұрыс
Менің ағам он үш жаста.		
Ағамның аты — Мырзабек.		
Мырзабек спорт мектебінде оқиды.		
Ол қобыз тартады.		
Мырзабек қобызда әртүрлі күй ойнайды.		

5-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құра.

★★

Менің	музыка	ағам	оқиды.
Қобыздың	үлкен	мектебінде	бар.
Ағам	қобызда	жақсы	ойнайды.
Ол	үні	күй	ұнайды.
Мырзабек	қобызды	маған	тартады.

6-тапсырма. Суреттердің орнына қосымша жалғанған сөздерді қойып, сөйлем құра.

Мырзабек 

Әлібек 

Иманбек 

Анна 

Әлібек 

жақсы тартады.

ТІЛДІК БАҒДАР

Септеулік шылаулар

Септеулік шылаулар сөздерді байланыстырады және белгілі бір септіктегі сөзден кейін келеді. Жиі қолданылатын септеулік шылаулар: *үшін, туралы, дейін, кейін, бірге.*

Мысалы: Мен қарындасым ***үшін*** *гүл тердім. Біз домбыра* ***туралы*** *әңгімелестік.*

7-тапсырма. Септеулік шылауларды қолданып, берілген сөздерден сөйлем құра.

анам / үшін
қобыз / туралы
сабақтан / кейін

8-тапсырма. Қобыз туралы қызықты мәліметтер кітапшасын дайында. Кітапшаға қобыздың суреттерін, ол туралы қызықты мәліметтерді жинақтап, сыныпта қорға.

Есте сақта!

Мырзабек он бесте. Ол музыка мектебінде оқиды. Ол қобыз тартады. Ол — күйші. Мырзабек қобызда әртүрлі күй ойнайды.

5 Менің досым шебер

Шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсінесің.

Мен ұя жаса+й+мын
Сен ұя жаса+й+сың
Сіз ұя жаса+й+сыз
Ол ұя жаса+й+ды

Біз қатыс+а+мыз
Сендер қатыс+а+сыңдар
Сіздер қатыс+а+сыздар
Олар қатыс+а+ды

Жаңа сөздер

қолөнер
қайшы
желім
шеберхана
ине
шебер

Дұрыс айт!

қолөнер
[қолөнөр]
тигізу
[тійгізүү]
қайшы
желім

Оқы. Қайтала.



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Суретке қарап, мазмұнын айтып бер. Сенің ойыңша, ары қарай оқиға қалай жалғасуы мүмкін?

2-тапсырма. Сөздерде бірнеше әріп жетіспейді. Ол әріптерді тауып, сөздерді жаз.

қлнер үйрм шбр обз дмбр орнқ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің? Айтып бер.

Біздің мектепте шеберхана бар. Біз шеберханада әртүрлі заттар жасаймыз. Мұғалім бізге қауіпсіздік ережелерін түсіндірді. Инені ауызға салуға болмайды. Оны арнайы қорапшада сақтау керек. Желімді ауызға, көзге тигізуге болмайды. Қайшыны партаның оң жақ шетіне қою қажет.

4-тапсырма. Суреттердегі заттарды атап, сөйлем құра.



ТІЛДІК БАҒДАР

Сөздердің орын тәртібі

Қазақ тілінде сөздердің орын тәртібі бар. Жай сөйлем бір ойды білдіреді. **Кім? Не? + не істеді?** Мысалы: *Мен оқыдым. Айжан жазды.*

Жайылма сөйлем. **Кім? + нені? қайда? + не істеді?** Мысалы: *Оқушылар доп ойнады. Балалар шеберханаға барды.*

5-тапсырма. Сөздердің орын тәртібі бойынша дұрыс сөйлем құрап жаз.

1. Біз жасаймыз әртүрлі шеберханада заттар. 2. Орындық досым ұя үй жасады ағаштан. 3. «Өнерлі отбасы» қатыстық біз байқауына. 4. Достарымен ол «Қаражорға» сахнада билейді биін. 5. Қайшыны шетіне қою оң жақ партаның қажет.

6-тапсырма. Суретке қарап, кестені толтыр. Сұхбат құра.

Кім?	Не істеп отыр?	Не ұстап отыр?	Не бар?	Қайда отыр?
	...	...	...	...
	...	—	—	...



7-тапсырма. Өз досың туралы жоба жаса. Оның суретін сал немесе жапсыр. Досыңның қандай іске шебер екенін айт. 4–6 сөйлеммен таныстыр.

Есте сақта!

Менің досым — шебер. Ол көптеген байқауға қатысты. Оның қолынан бәрі келеді.

6 Қағаздан ойыншық жасадық

Тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрастырасың.

Мен қидым / бүкте+ді+м
Сен қидың / бүкте+ді+ң
Сіз қидыңыз / бүкте+ді+ңіз
Ол қиды / бүкте+ді

Біз жапсырдық
Сендер жапсырдыңдар
Сіздер жапсырдыңыздар
Олар жапсырды

Жаңа сөздер

қию
қылқалам
ілу
өрнек
бояу

Дұрыс айт!

қию [қыйуу]
қылқалам
[қылғалам]
өрнек [өрнөк]
іл

Оқы. Қайтала.



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Суретке қарап мазмұнын айтып бер.

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Бүгін — демалыс. Саша екеуіміз қағазға түрлі өрнектердің суретін салдық. Мен қағазды қидым. Саша оны бояды. Өрнектерді желіммен жапсырды. Оны үйге іліп қоямыз. Біз қағаздан әртүрлі ойыншық жасадық. Саша түлкі жасады. Мен оны боядым.

3-тапсырма. Суреттер бойынша сөйлем құра. Кім не істеді?



4-тапсырма. Сұхбатты толықтырыңдар.

— ..... ?
— Бүгін — демалыс.
— ..... ?
— Саша мен Әлібек қағаздан ойыншық жасады.
— ..... ?
— Әлібек қағазды қиды.
— ..... ?
— Саша оны бояды.
— ..... ?
— Олар қағаздан әртүрлі ойыншық жасады.

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаз.

Біз қағазды қию ... (үшін, бірге) қайшы алдық.
Мен суретті қылқаламмен ... (арқылы, кейін) салдым.
Өрнекті қиып алғаннан ... (кейін, дейін) жапсырдым.
Сабаққа ... (дейін, үшін) ойыншықты жинадым.

6-тапсырма. Сөздерді пайдаланып, мәтін құра.

Ойыншық, қағаз, қию, қылқалам, бояу, шебер, дос, қолөнер үйірмесі, ілу, өрнек.

7-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қой.

Үлгі: Мен қағазды қиды-м.

1. Мен қағазды қиды... . 2. Сен ойыншық жасады... . 3. Ол түлкіні боя... . 4. Әлібек желіммен жапсыр... . 5. Олар қолөнер үйірмесіне қатыса... .

Тиісті қосымшалар:

-ды	*-м*	*-ң*

8-тапсырма. Жағдаят: Інің қағаздан кеме жасап беруіңді сұрады. Бірақ сен қағаздан кеме жасай алмайсың. Не істейсің? Оған қандай ойыншық жасап бересің? Түсіндір.

Кел, жаттайық!

Жалғыз саусақ тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.
Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.
Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды.
Өнерлі екен он саусақ,
Қала салсақ, жол салсақ.

Мұзафар Әлімбаев

Есте сақта!

Мен қағаздан ойыншық жасадым.
Саша түлкі жасады.
Мен түлкіні боядым.

7 Қолөнер шебері

Әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табасың.

Мен тоқимын
Сен тоқисың
Сіз тоқисыз
Ол тоқиды

Жаңа сөздер

алқа
сандық
тоқу
бұйым
тері
түсіру

Дұрыс айт!

алқа
сандық
тоқу [тоқұу]
бұйым [бұйұм]
түсір [түсүр]

Оқы. Қайтала.

алқа тоқу





1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Балнұр оған не сыйлады?
- Балнұр бұйымды неден жасайды?
- Балнұр нені үйретті?
- Ол моншақтан не тоқи алады?

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Жаңа сөздермен сөйлем құра.

Нағашы атам — қолөнер шебері. Ол кісі теріден қамшы тоқиды. Атамның қамшылары көрмеде тұр. Атам туралы кино түсірді. Менің де шебер болғым келеді.

3-тапсырма. Сөздерге тиісті қосымшаны жалғап айт.

Сөздер	қосымшалар	
тоқу	-и -а -й -я	-мын -мін
тарту		
жасау		
ойнау		
билеу		
қию		
жапсыру		

ТІЛДІК БАҒДАР

Сөздердің орын тәртібі

Екі жай сөйлем бірігіп құрмалас сөйлем жасайды. Байланыстырушы сөздер: *және, бірақ, сондықтан, содан кейін.* Мысалы: Мен кітап оқыдым ***және*** сурет салдым. Ол тамақ ішті, ***содан кейін*** ойнады.

4-тапсырма. Екі шебердің жұмысын салыстыр. Құрмалас сөйлемдермен өз пікіріңді айт.



5-тапсырма. Мәтіннен «Кім?», «Қандай?», «Не істеді?» деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып, оларды жеке-жеке бағандарға орналастыр.

Әлібек, ақылды, тоқиды, Саша, тартады, қолөнер, жасайды, еріншек, түсірді, үйретті, нағашы атам, күміс, бояды.

6-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер. Құрмалас сөйлемдер құрап жаз.

- Суретте кімдер бар?
- Олар не істеп отыр?
- Олар қандай бұйым жасап отыр?
- Қандай құралдарды қолданып отыр?
- Олар жасаған бұйым саған ұнай ма? Неге?



7-тапсырма. Ақпарат құралдарынан моншақ тоқитын балалар туралы мәлімет жина. Моншақ тізген қас шебер Елдос Әнекей туралы ғаламтор көздерінен ақпарат ал.

Кел, жаттайық!

Мүсінші

Тасқа бедер саламын,
Егеп, қырнап, жонамын.
Шеберлігі шыңдалған
Мен мүсінші боламын.

Рахат Қосбармақов

Есте сақта!

Мен моншақтан сандық жасадым.
Ол гүл жасады.
Елдос моншақтан әртүрлі бұйымдар жасайды.

8 Музей қай көшеде?

Мәтіннің тақырыбын анықтайсың.

Музей қай көшеде?
Музей Назарбаев көшесінде.
Музей сейсенбі күні жұмыс істемейді.

Жаңа сөздер

музей
Орталық музей
орналасқан
алтын

Дұрыс айт!

Орталық музей
орналасқан

Оқы. Қайтала.



Орталық музей

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тақырып қой.


2-тапсырма. **Мәтінді оқы.**


Бұл — Орталық музей. Ол үлкен, әдемі. Музей тоғызда ашылады, кешкі алтыда жабылады. Орталық музейде көп экспонат бар. Музейге оқушылар, студенттер, саяхатшылар жиі келеді.

3-тапсырма. **Үлгі бойынша мәтіндегі сөйлемдерге сұрақ қой.**

Үлгі: Бұл не? Орталық музей қандай?

4-тапсырма. **Сөйлем құра.**





5-тапсырма. **«Қандай?», «Қашан?», «Қайда?» деген сұрақтардың тиістісін қойып, сөйлемдерді жаз.**

Музейге ... барасың? ... музейлерді білесің? Музей ... ашылады? Музей ... жабылады?

6-тапсырма. Сұхбатты толықтырыңдар.

— ..... ?
— Иә, мен музейге бардым.
— ..... ?
— Мен музейге сенбі күні бардым.
— ..... ?
— Иә, мен Орталық музейді білемін.
— ..... ?
— Музейдің іші үлкен, әдемі.
— ..... ?
— Жоқ, музей алтыда жабылады.

7-тапсырма. Қате құрылған сөйлемді тап. Себебін түсіндір.

Орталық музей көше бойында орналасқан.
Біз музейге бару арқылы ерте шықтық.
Біз музейге сабақтан кейін бардық.
Музейге достарыммен үшін бардым.

8-тапсырма. Үлкендердің көмегімен Википедия ашық энциклопедия сайтындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейі туралы ақпаратты тауып, сұрақтарға жауап бер.

1. Музей қай қалада орналасқан?
2. Музей орналасқан көше кімнің атымен аталады?
3. Музей сағат нешеде ашылады және жабылады?

Есте сақта!

Музейге барамын.
Музейде түрлі тастан жасалған бұйымдар бар.

9 Музейдегі көне заттар

Шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсінесің.

Бұл — музей.
Мен музейге бар+ды+м
Сен музейге бар+ды+ң
Сіз музейге бар+ды+ңыз
Ол музейге бар+ды

Жаңа сөздер

көне заттар
құмыра
ыдыстар

Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

ыдыстар
алтын
құмыра [құмұра]
айтты

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айтып бер.

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Мен сабақтан соң сыныптас достарыммен бірге Орталық музейге бардым. Гид бізге экспонаттар туралы айтты. Музейде құмыра, кесе және басқа көне заттар көп. Әнелге көне домбыра ұнады. Маған «Алтын адам» ұнады.

1. Әлібек сыныптас достарымен бірге қайда барды?
2. Олар музейде не көрді?
3. Кімге не ұнады?
4. Сен қандай музейге бардың?
5. Саған не ұнады?


3-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлемдерді толықтыр.

Әлібек ... музейге барады.




Ол қай күні музейге барады?


Анна ... музейге барады.



4-тапсырма. Оқып, тапсырманы орында.



5-тапсырма. Сөйлем құра.



6-тапсырма. Суреттердегі заттардың атауын айт. Қай зат музейде болады? Неліктен?









7-тапсырма. Ғаламтордан үлкендердің көмегімен «Құмыра қалай жасалады?» бейнежазбасын қара. Құмыраның қалай жасалатынын айт.

8-тапсырма. Музейдегі 3-4 көне зат туралы жоба жаса. Суретін сал немесе жапсыр. Әр заттың атауын және не үшін қолданылғанын жаз. Жобаңды 4-5 сөйлеммен таныстыр.

Есте сақта!

Мен музейге бардым. Музейде құмыралар, кеселер, ыдыстар, көне заттар, киімдер бар. Музейде «Алтын адам» бар. Маған музей ұнады.

10 Саған не ұнады?

Көптік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолданасың.

Маған музей ұнады
Саған музей ұнады

Сізге музей ұнады
Оған музей ұнады

Жаңа сөздер

ғасыр
бұрын
парсы

Дұрыс айт!

бұрын [бұрұн]
түркі [түркү]

Оқы. Қайтала.



Кітап музейі

1-тапсырма. Сұхбатты тыңда. Суретке қарап мазмұнын айтып бер.

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Бұл — кітап музейі. Музейде әртүрлі кітап бар. Мына кітап онынші ғасырда шыққан. Ол көне түркі тілінде жазылған.

Мынау — екі жүз жыл бұрын шыққан кітап. Ол араб тілінде жазылған.

Музейде қызықты энциклопедия, альбом, электронды кітап көп.

Маған кітап музейі ұнады.


3-тапсырма. Оқы. Сөйлемдерді мәтін мазмұны бойынша орналастыр.


1. Маған кітап музейі ұнады.
2. Мына кітап екі жүз жыл бұрын шыққан.
3. Бұл кітаптар араб тілінде жазылған.
4. Музейде көне түркі тіліндегі кітаптар бар.
5. Алматыда кітап музейі бар.
6. Музейде қызықты энциклопедия, альбом, электронды кітап көп.

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі тиісті қосымшаны қойып жаз.

1) Ол маған кітап музейі туралы айт... (-ды, -ты, -ті). 2) Көне кітап... (-дар, -лер, -тар) ғалымдар үшін маңызды. 3) Біз гид арқылы көп ақпарат алды ... (-м, -қ,-ң). 4) Мен «Алтын адам» туралы кітап оқыды... (-ң,-м, -ңыз).

5-тапсырма. Сөйлем құрап, көшіріп жаз.





6-тапсырма. Суреттерге қарап, сұраққа жауап бер. Бұл қандай кітап?

көне кітап	жаңа кітап
таза кітап	өте ескі кітап



7-тапсырма. Көне кітаптың атынан 4-5 сөйлем құрап айт.

8-тапсырма. «Сұрақ-жауап» ойыны. Сынып екі топқа бөлінсін. «Музей» тақырыбы бойынша екі топ бір-біріне сұрақ қойып, жауап берсін. Сұраққа тез әрі дұрыс жауап беру керек. Жауап бере алмаған не сұрағы қате болған топтың ұпайы кемиді.

Есте сақта!

Бұл — кітап музейі. Музейде он ғасыр бұрын шыққан кітаптар бар.
Мына кітап көне түркі тілінде жазылған.
Мына кітап екі жүз жыл бұрын шыққан.
Ол араб тілінде жазылған.

11 Мұхтар Әуезовтің музейі

Каллиграфиялық дағдыңды қалыптастырасың.

Мен жақсы көрген+мін
Сен жақсы көрген+сің
Сіз жақсы көрген+сіз
Ол жақсы көрген

Жаңа сөздер

жиһаз
кітапхана
астам

Дұрыс айт!

жиһаз

Оқы. Қайтала.

Бұл — Мұхтар Әуезовтің музей-үйі.



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мұхтар Әуезов кім?
2. Мұхтар Әуезов музейінде бұрын кім тұрған?
3. Музейде қандай экспонаттар бар?

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Мұхтар Әуезовтің музей-үйі екі қабатты. Музейде жеті бөлме бар. Жазушы өзінің жұмыс бөлмесін жақсы көрген. Жұмыс бөлмесінде жеке кітапханасы бар. Онда 6 мыңнан астам кітап сақталған.

3-тапсырма. Қажетті сөздерді қойып жаз.

Қажетті сөздер: жазу, жазушының, бұрын.

- Музей ... жазушының үйі болған.
- Музейде ... заттары бар.
- Мынау — Мұхтар Әуезовтің ... үстелі.

4-тапсырма. Суреттердегі заттарды сипаттамасымен сәйкестендіріп айт.



қағаздан жасалған, ішінде жазуы бар



әдемі тастармен безендірілген әшекей



адам қолымен жасалатын ыдыс



үлкен ғимарат, ішінде экспонаттар бар



ұзын мойынды, күй шығарады

5-тапсырма. Сөздердің құрамындағы әріптерді пайдаланып, жаңа сөздер құрастыр. Әріптерді көркем жаз.

Үлгі: кітапхана — кітап, тап, хан, ана, ін, апа, пана.

Орталық, мемлекеттік, орналасқан, түрлі.

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, сұхбатты оқыңдар.

Қажетті сөздер: заттар, Мұхтар Әуезов, 9:00-де, ақпарат, нешеде, саған, қайда, кітаптар, араб, домбыра.

Әлібек: Сәлем! Демалыста ... болдың?
Анна: Сәлем! Мен ... музейінде болдым.
Әлібек: Қандай ... көрдің?
Анна: Онда көне ..., құмыралар, ... бар.
Әлібек: Қай кітап ... ұнады?
Анна: Маған ... тілінде жазылған кітап ұнады. Себебі, ол ерекше.
Әлібек: Гид болды ма?
Анна: Иә, гид арқылы біз көп ... білдік.
Әлібек: Музей ... ашылады?
Анна: Сағат ... ашылады, 17:00-де жабылады.

7-тапсырма. Ғаламтордан Мұхтар Әуезовтің музей-үйі туралы бейнежазбаны тауып көр. Мәтіндегі ақпаратпен салыстырып айт.

8-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны.

Екі топқа бөлініңдер. Бір топ тақырып бойынша сөздерді атап, екінші топ сол сөздердің орыс тіліндегі баламасын атаңдар. Сөздерді алма-кезек айтыңдар. Тақырыпқа қатысты сөздерді дұрыс атаған, баламасын дұрыс тапқан топ жеңіп шығады.

Есте сақта!

Бұл — Мұхтар Әуезовтің музейі. Музей бұрын жазушының үйі болған. Онда жазушының киімдері, жиһаздары, қағаз, қаламдары сақталған.

12 Бұл — Орталық музей

Мәтінді рөлге бөліп оқисың.

Мен көрсет+ті+м
Сен көрсет+ті+ң
Сіз көрсет+ті+ңіз
Ол көрсет+ті

Оқы. Қайтала.



Орталық музей



Кітап музейі



Ұлттық музыка аспаптары музейі

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тақырып қой.

2-тапсырма. **Әр қатардағы артық сөзді тауып, айт. Себебін түсіндір.**

Музей, кітап, футбол, гид
Кітап, жазды, оқыды, отыр
Араб, тілінде, сөйлейді, домбыра
Құмыра, үстелде, қалада, тұр
Сағат, жабылады, үстінде, 18:00

3-тапсырма. **Тірек сөздерді пайдаланып, өзің барған музей туралы мәтін құра.**

Тірек сөздер: музей, ашылады, жабылады, күнде, демалыс күндері, ыдыс, киім, құмыра, кітаптар, ұнады, үлкен, әдемі.

4-тапсырма. **Сұхбатты рөлге бөліп оқыңдар.**

— Әлібек, сен бүгін қайда бардың?
— Орталық музейге бардым.
— Музейге кіммен бардың?
— Ініммен бардым.
— Ініңе музей ұнады ма?
— Иә, ұнады. Оған музейдегі көне экспонаттар ұнады.

5-тапсырма. **Сөздерден сөйлем құра.**

Мен	көне заттар	барамын.
Музейде	жүз жыл бұрын	сақталған.
Мына кітап	«Алтын адам»	әдемі.
Мына жерде	өте	бар.
Орталық музей	көне кітаптар	ұнады.
Кітап музейі	маған	орналасқан.
Ол	музейге	бар.
Әр залға	Алматы қаласында	қойылған.
Музейде	түрлі экспонаттар	шыққан.

6-тапсырма. Сөздерді анықтамасымен сәйкестендір.

Сөздер	Анықтамасы
Орталық музей	Көрмеге қойылған зат
Экспонат	Тарихи заттар сақталатын орын
Көне зат	Музейдегі бөлме
Зал	Ескі, бұрын қолданылған бұйым

7-тапсырма. Үш топқа бөлініңдер. Қоржыннан «Орталық музей», «Кітап музейі», «М.Әуезов музей-үйі» деген сөздерді алып, постер жасап, сыныпта таныстырыңдар.

8-тапсырма. Орталық музей туралы жарнама дайында. Жарнамаға тақырып қой. 2 жай сөйлем және 1 құрмалас сөйлем жаз. «Жаңа», «қызықты», «әдемі» сияқты жарнама сөздерін қолдан. Сөйлемдердің орын тәртібін сақта.

Жарнаманы шақыру сөзімен аяқта (Келіңіз, Тамашалаңыз, Көріңіз!).

Есте сақта!

Мен інімді Орталық музейге апардым.
Ініме музей ұнады.

© Электронный вариант

13–14 Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

Өз пікіріңді (менің ойымша..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдейсің.

1-тапсырма. **Мәтінді оқып, тақырып қой.**

Менің отбасым өнерлі. Атам күмістен сырға жасайды. Әжем оюдан көрпе тігеді. Қарындасым Қадиша билейді. Інім Иманбек ән үйірмесіне барады. Ағам Мырзабек музыка мектебінде оқиды. Әпкем сурет салады.

2-тапсырма. **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жаз.**

Мен домбыра тарта ... .
Сен домбыра тарта... .
Сіз домбыра тарта ... .
Ол домбыра тарта... .

Біз би билей... .
Сендер би билей... .
Сіздер би билей... .
Олар би билей... .

Тиісті қосымшалар:

-ді	*-сыз*	*-міз*	*-сіңдер*
-сіздер	*-ды*	*-сың*	*-мын*

3-тапсырма. **Суретке қарап, болжам жаса. Сұрақтарға «Менің ойымша», «Себебі», «Сондықтан» сөздерін пайдаланып, жауап бер.**



- Олар қайда отыр деп ойлайсың?
- Олар не үшін бірге ойнап отыр?
- Олар қандай аспапта ойнайды?
- Бұл қандай шара болуы мүмкін?

4-тапсырма. **Сұрақтарға жауап бер.**

1. Алматыда қандай музей бар?
2. Орталық музейде қандай көне заттар бар?
3. Мұхтар Әуезовтің музейінде не бар?
4. Музей нешеде ашылады?
5. Кітап музейінде қандай кітаптар бар?
6. Мұхтар Әуезовтің музейі неше қабатты?

5-тапсырма. **Жақша ішіндегі сөздердің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.**

1. Менің атам (алтыннан, күмістен, темірден) алқа жасайды. 2. Иманбек (билегенді, домбыра тартқанды, ән айтқанды) жақсы көреді. 3. Нағашы атам (теріден, қағаздан, ағаштан) қамшы тоқиды. 4. Біз қағаздан әртүрлі (тамақ, кітап, ойыншық) жасадық. 5. Музейде (көне, жыртық, жаңа) кітаптар бар.

6-тапсырма. **Сөйлемді жалғастырып, жаз.**

1. Менің ойымша, домбыра ... .
2. Қобыздың үні маған ұнайды, себебі ... .
3. Егер мен музыкант болсам, ...
4. Бұл балалар өнерлі, себебі ... .
5. Біз музейге бардық, өйткені ... .

7-тапсырма. **Суреттерді пайдаланып, сөйлем құра.**





8-тапсырма. **Үлкендердің көмегімен ғаламтордағы М. Әуезов музейіне 3D форматы арқылы виртуалды саяхат жаса.** М. Әуезовтің бөлмесінде қандай заттар бар екенін айт.

9-тапсырма. **Жағдаят: Мектепте қолөнер көрмесі болады.** Көрмеге өзің жасаған затты апаруың керек. Көршіңмен қандай зат жасайтының туралы ақылдас.

Данасөз

Өнерлінің өрісі кең.

Білгенге маржан

- Жігітке жетпіс өнер де аз.
- Шебердің қолы ортақ.
- Өнерліге есік ашық.

6 Атақты тұлғалар

Адал азамат бала кезден қалыптасады.
Қасым-Жомарт Тоқаев



ТІРЕК СӨЗДЕР:


күй


күйші — *Құрманғазы Сағырбайұлы*


ғалым — *Қаныш Сәтбаев*


суретші — *Әбілхан Қастеев*


ақын — *Бөлтірік Атыханұлы*


ұстаз — *Татьяна Белоусова*


қаһарман — *Хиуаз Доспанова*

ОҚУШЫ, СЕН БҰЛ МОДУЛЬДЕ:

қазақ халқының ұлы тұлғалары: ақын Абай, ғалым Шоқан, ұлы ұстаз Ыбырай туралы, күйші Дина, батыр Бауыржан Момышұлы, суретші Әбілхан Қастеев жайлы қызықты, танымы мол деректермен танысасың;

ұлы тұлғалардың балалық шағына, отбасына қатысты мәтіндерді оқисың, үлгі аласың;

ұлы тұлғалар туралы зерттеу жұмысын жүргізіп үйренесің.

Оқу барысында сен мыналарды ҮЙРЕНЕСІҢ:



нақты тақырып бойынша досыңмен сұхбат құруды;



тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрауды;



суреттерді мәтін мазмұны бойынша орналастыруды;



кейіпкерлердің әрекетіне сұрақтар қоюды;



жаңа сөздерді дұрыс айтып, дұрыс жазуды үйренесің.



1 Дина күй шертеді

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрайсың және оған жауап бересің.

Мен күй шертемін
Сен күй шертесің
Сіз күй шертесіз
Ол күй шертеді

Мен күйшімін
Сен күйшісің
Сіз күйшісіз
Ол күйші

Жаңа сөздер

атақты, ұлы, дарынды, күйші, күй шерту, ұстаз

Дұрыс айт!

атақты, ұлы [ұлұ], күйші [күйшү], ұстаз

Оқы. Қайтала.



- атақты күйші
- ұлы күйші
- дарынды қыз
- күй үйренеді
- күй шертеді
- күй шығарады

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

Тірек сөздер: күй шертеді, кішкентай қыз, іздеп келді, күй, үйрету, ұлы күйші.

1. Сөйлесіп отырған кімдер?
2. Динаның жасы нешеде?
3. Оны кім іздеп келді?
4. Атақты күйші Динаны не үшін іздеп келді?


2-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою әріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

Дина Нұрпейісова — қазақтың атақты күйшісі. Ол кішкене кезінен **күй** шертеді. **Динаның** ұстазы — ұлы күйші Құрманғазы. Ол **дарынды** қызға бата береді. Дина **ұстазының** жолын жалғастырады. Кейін өзі де күй **шығарады**.

3-тапсырма. Сөйлем құраңдар.

Дина	атақты ...	жалғастырды.
	домбыра ...	үйренеді.
	күй...	тартады.
	Құрманғазыдан күй ...	шертеді.
	ұстазының жолын ...	күйші болды.

4-тапсырма. «Ол кім?» және «Ол не істеді?» деген сұрақтарға жауап беріп, сызбаны толтыр.



5-тапсырма. Жоспар бойынша күйші Дина туралы мәтін құра.

1. Дарынды қыз
2. Ұстазбен кездесу
3. Күй үйрену
4. Атақты күйші

6-тапсырма. Сөйлемдерді оқы. Ақпараттың дұрыстығын анықта.

№	сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
1	Дина — қазақтың атақты күйшісі.		
2	Дина домбыраны тоғыз жасында үйренді.		
3	Дина Құрманғазыны іздеп келді.		
4	Дина Құрманғазыдан күй шертуді үйренеді.		
5	Құрманғазы — Динаның ұстазы.		

7-тапсырма. «Құрманғазы мен Дина» деген тақырыпта сұхбат құрыңдар. Сұхбатта тақырып бойынша берілген жаңа сөздерді пайдаланыңдар.

Кел, жаттайық!

Тарт күйіңді, домбыра!
Төгіл, төгіл, тәтті күй!
Тау суындай сылдыра,
Желпін, желпін, жел соқтыр!

Есте сақта!

Дина кішкене кезінен домбыра тартуды үйренеді. Дарынды қызды ұлы күйші Құрманғазы іздеп келеді. Құрманғазы оған бата береді. Оған күй шертуді үйретеді.

2 Тұңғыш ғалым

Жазу дағдыларыңды дамытасың.

Мен зерттеу жаса+й+мын
Сен зерттеу жаса+й+сың
Сіз зерттеу жаса+й+сыз
Ол зерттеу жаса+й+ды

Жаңа сөздер

тұңғыш
ғалым
зерттеу
білімді

Дұрыс айт!

тұңғыш
[тұңғұш]
ғалым
білімді

Оқы. Қайтала.



Шоқан Уәлиханов (1835-1865)
Мұрағаттық фото. Семей, 1858 жыл

тұңғыш ғалым

зерттеу жасау

дарынды зерттеуші

білімді зерттеуші

1-тапсырма. **Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.**

1. Бала Шоқан қандай болды?
2. Ол қайда оқыды?
3. Шоқан нені сүйетін?
4. Кейін Шоқан Уәлиханов қандай адам болды?

2-тапсырма. **Тірек сөздерді пайдаланып, мазмұнын айт.**

★ *Тірек сөздер:* Шоқан Уәлиханов, тұңғыш ғалым, дарынды, білімді, Ресейде оқу, әдепті, үйренді.

3-тапсырма. **Мәтінді түсініп оқы.**

Шоқан ұстаздарынан көп білім алды. Олардан зерттеу жасауды үйренді. Ұстаздары да Шоқанды дарынды, білімді бала ретінде бағалады. Шоқанның досы көп болды.

4-тапсырма. **Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.**

Тиісті сөздер: білімді, Ресейде, тұңғыш ғалымы, зерттеу жасауды.

Шоқан — қазақтың ... . Ол жас кезінде ... оқыды. Шоқан өте талантты, ... болды. Ол ұстаздарынан ... үйренді.

5-тапсырма. **Әріптерді орнына қойып, көркем жаз.**

★★ ғлаым, Рйесе, ерттзу, тланытат, тақтаы, алаб, тңұғшы, ытңзақақ, кйіен.

6-тапсырма. Кім не істейді? Сәйкестендір. Айт.

КҮЙШІ	кітап оқиды.
	күй шертеді.
	ұстаздан үйренеді.
	зерттеу жасайды.
ҒАЛЫМ	кітап жазады.
	өнер көрсетеді.
	күй үйретеді.
	бата береді.

7-тапсырма. Үлгіге қара. Мәтін мазмұны бойынша сұхбатты жалғастырыңдар.

— Сәлем, Әлібек!
— Сәлем, Саша!
— Әлібек, Шоқан Уәлиханов кім болған?
— ....

8-тапсырма. «Зерттеу жасаймын». Ғаламтордан Шоқан туралы ақпарат тап. Сол ақпаратқа сүйеніп, «Шоқан — ғалым» тақырыбында постер құра.

Кел, жаттайық!

Қазақтың жұлдызы,
Үлгі етер ұл-қызы.
Ғұмыры — ғибрат,
Өшпестей қалды ізі!

Есте сақта!

Шоқан әдепті, ақылды бала болды. Ол Ресейде оқыды. Ол ұстаздарынан зерттеу жасауды үйренді. Шоқан — қазақтың тұңғыш ғалымы.

3 Шоқан мен мүсінші бала

Жоспар бойынша мәтінді мазмұндайсың.

Мен мүсін жаса+й+мын
Сен мүсін жаса+й+сың
Сіз мүсін жаса+й+сыз
Ол мүсін жаса+й+ды

Жаңа сөздер

мүсінші
танымал
әлем

Дұрыс айт!

мүсінші
[мүсүншү]
әлем

Оқы. Қайтала.



мүсін

мүсінші

әлем

мүсін жасау

танымал

Ол — әлемге танымал мүсінші.

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Шоқан жазғы демалыста қайда келді?
2. Шоқан ауылда кіммен танысты?
3. Шоқан Мысыққа не үшін көмектесті?

2-тапсырма. **Тірек сөздерді пайдаланып, мазмұнын өз сөзіңмен айт.**

Тірек сөздер: жазғы демалыс, дарынды бала, жақсы көру, көмектесу.

3-тапсырма. **Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.**

— Мына мүсіндерді кім жасады?

— Мен жасадым.

— Керемет! Сен атақты мүсінші боласың. Оқуға барасың ба?

— Әкем де, шешем де жоқ. Қалай барамын?

— Қорықпа, Мысық, мен саған көмектесемін.

Шоқан Мысықты Ресейге өзімен бірге алып кетті. Кейін Мысық әлемге танымал мүсінші болды.



4-тапсырма. **Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.**

Тиісті сөздер: әлемге танымал мүсінші, мүсін, Мысықпен, Ресейге.

Шоқан ауылға келгенде ... танысты. Мысық ... жасайды. Шоқан Мысықты ... алып кетеді. Кейін Мысық ... ... болады.

5-тапсырма. Тыңдалған, оқылған мәтіннен түсінгеніңді жоспар бойынша айт.

1. Танысу
2. Мүсінші бала
3. Дарынды балаға көмек
4. Мысықтың болашағы

6-тапсырма. Шоқан мен Мысыққа мінездеме жаз. Мұғалімнің қолдауымен жіктеу есімдіктерін, шылауларды таңдап, қолдан.

7-тапсырма. Жағдаят: Інің сенен Шоқан туралы сұрады. Ініңе Шоқан туралы білетініңді айтып бер.

Кел, жаттайық!

Кітап оқып, көп білген,
Жер-жаһанды зерттеген.
Қазақ атын танытып,
Алыс елге жеткізген.

Есте сақта!

Шоқан дарынды балаларды жақсы көретін, оларға көмектесетін. Шоқан мүсінші бала Мысықпен танысады. Оны Ресейге оқуға әкетеді. Кейін Мысық әлемге танымал мүсінші болады.

4 Бала Абай

Мәтіннің жанрын анықтайсың.

Мен ақын бол+а+мын
Сен ақын бол+а+сың
Сіз ақын бол+а+сыз
Ол ақын бол+а+ды

Жаңа сөздер

ақын
дара
тұлға

Дұрыс айт!

ақын
өскен [өскөн]
тұлға

Оқы. Қайтала.



атақты ақын

бата береді

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұраққа жауап бер.

1. Абай кіммен сөйлесті?
2. Абай әжесінен кім туралы сұрады?
3. Қонақтың аты кім? Ол не істейді?
4. Қонақ кімге бата берді?

2-тапсырма. Сұрақтар бойынша сұхбат құрыңдар.

★

1. Абайдың үйіне кім келді?

2. Қонақтың аты кім?



4. Қонақ не істеді?

3. Абайға кім бата берді?

5. Абайдың әжесі қандай адам?

6. Абай өскенде кім болды?

3-тапсырма. Дулат ақынның Абайға берген батасын оқы. Мұғалімнің көмегімен өлеңнің мағынасын түсін. Батаны жаттап ал.

★★

Шырағым, ержетерсің.
Ержетсең, сірә, не етерсің?
Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасаң, шыңға жетерсің.



4-тапсырма. Дұрыс нұсқасын таңдап, сөйлемді толықтырып жаз.

1. Абайдың ауылына Дулат (әнші, ақын) келді. 2. Абай Зере (әжесінен, анасынан) Дулат ақын туралы сұрады. 3. Дулат ақын Абайға (күй үйретті, бата берді). 4. Абай өскенде (ұлы ақын, атақты мүсінші) болды. 5. Абай — дара (адам, тұлға).

5-тапсырма. Әлібектің кім туралы жазып отырғанын анықта. Ол туралы айт.

Ол жас кезінен дарынды болды. Ол ұлы күйші Құрманғазыдан күй шертуді үйренді. Кейін өзі де күй шығарды. Қазір оның атын әлем таниды.

Ол — қазақтың тұңғыш ғалымы. Ол көп зерттеу жасады. Ол талантты балаға көмектесті. Жетім бала кейін атақты мүсінші болды.

Ол — өте талантты бала. Мүсін жасауды жақсы көреді. Ол Шоқанмен танысады. Ғалым баланы Ресейге алып кетеді.

Ол — ұлы күйші. Ол жас қызды іздеп келді. Оған күй үйретті. Сондықтан ол — дарынды күйшінің ұстазы.

Кел, жаттайық!

Мақал

Жаңбырмен жер көгерер,
Батамен ер көгерер.

Есте сақта!

Абайдың ауылына атақты Дулат ақын келді. Дулат ақын Абайға бата берді. Абайдың әжесі Зере ақынды құрметтеді.

5 Абай — ұлы ақын

«Абай — қазақтың ұлы ақыны» тақырыбында постер жасайсың.

Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.
Абай

Мен өлең жаз+а+мын
Сен өлең жаз+а+сың
Сіз өлең жаз+а+сыз
Ол өлең жаз+а+ды

Мен қазақ тіліне аудар+ды+м
Сен қазақ тіліне аудар+ды+ң
Сіз қазақ тіліне аудар+ды+ңыз
Ол қазақ тіліне аудар+ды

Оқы. Қайтала.



Жаңа сөздер

өмір
шығарма
аударды
ірі

ұлы ақын | өлең жазды

қазақ тіліне аударды

ұлы ақынның шығармалары

Ақын өмір, табиғат туралы өлеңдер жазды.
Оның өлеңдері әлемнің отыз үш тіліне аударылды.

1-тапсырма. **Мәтінді тыңда. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, мазмұнын айт. Мұғалімнің қолдауымен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айт.**

Абай Құнанбайұлы — қазақтың ... . Ол адам, өмір, ... туралы көп өлең жазды. Абай орыстың ұлы ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне... .

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті қосымшаны жалғап жаз.

Абай + ...	*-ның* *-дың* *-тың* *-нің*	өлең +...	*-ы* *-сы* *-і*
ақын + ...		шығарма + ...	
орыс + ...		ақын +...	
қазақ + ...		тіл +...	
әлем + ...		тілдер +...	

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Өзің қалаған үш сөйлемге сұрақ қой. Мәтіндегі іс-қимылды білдіретін сөздерді дұрыс қолданып, мазмұнын айтып бер.

Абай Құнанбайұлы — ұлы ақын, дара тұлға. Абай өмір, өнер, білім, табиғат туралы өлең жазды. Оның өлеңдерін қазақ халқы сүйіп оқиды.

Абай орыстың танымал, ірі ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Абайдың шығармалары әлемнің отыз үш тіліне аударылды.

4-тапсырма. Көшіріп жаз. Салыстыр.

өлең жаз+ды	өлең жаз+ыл+ды
өлеңді аудар+ды	өлең аудар+ыл+ды

5-тапсырма. Үлгіге қараңдар. Мәтін мазмұны бойынша сұхбатты жалғастырыңдар.

Үлгі:

— Саша, сен Абай Құнанбайұлы туралы не білесің?

— Абай Құнанбайұлы — қазақтың ұлы ақыны, дара тұлға.

— Оның өлеңдері не туралы?

— ... .

6-тапсырма. «Зерттеу жасаймын». Қосымша дереккөздерден Абай туралы ақпарат тап. «Абай — қазақтың ұлы ақыны» тақырыбында постер жаса. Жаңа сөздерді қолдан.

7-тапсырма. Суреттерге қара. Оларды сәйкестендір. Өзің қалаған бір тұлға туралы айт.









Есте сақта!

Абай Құнанбайұлы — ұлы ақын. Абай өмір, білім, табиғат туралы өлең жазды. Абай орыс ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Абайдың өлеңдері әлемнің отыз үш тіліне аударылды.

6 Тұңғыш ұстаз

Мәтіндегі ақпаратты анықтап, болжап айтуға үйренесің.

Жаңа сөздер

жаңалық
әңгіме
тәрбиелеу

Дұрыс айт!

әңгіме
тұңғыш
[тұңғұш]

Оқы. Қайтала.





Ыбырай Алтынсарин — тұңғыш ұстаз

Қостанай облысы Арқалық қаласындағы Ыбырай Алтынсариннің мемориалдық музейі

1-тапсырма. Сұхбатты тыңда. Дұрыс ақпаратты анықта. Ары қарай сабақта Ыбырай туралы не айтылуы мүмкін? Болжап айт.

1. Ыбырай Алтынсарин — мүсінші.
2. Ыбырай Алтынсарин — ұстаз.
3. Ғалымның музейі Семей қаласында орналасқан.

2-тапсырма. **Мәтінді оқы. Мұғалімнің көмегімен «ол» сөзінің өзгеруіне мән бер.**

Ыбырай Алтынсаринді атасы Балқожа тәрбиелеген. Ол мектепті бітірген соң хатшы, аудармашы болып жұмыс істеген. Оның балаларға арнап жазған көп әңгімелері бар. Оның әңгімелері балаларды еңбекке, адамгершілікке тәрбиелейді. Ол қазақ балалаларына арнап мектеп ашқан. Орыс ғалымдары В.В. Григорьев пен Н.И. Ильминский онымен дос болған.

3-тапсырма. **Кейіпкер мен оның іс-әрекетін сызықпен қос.**

Кейіпкер	Не істеді?
Ыбырай Алтынсарин	аудармашы болып жұмыс істеген.
Атасы Балқожа	оның әңгімесін қызыға оқыды.
Абай	орыс ғалымдарымен дос болды.
Ыбырай	тәрбиелеген.
Оқушылар	табиғат туралы өлең жазды.

4-тапсырма. **Сұхбатты толықтыр.**

— .....?

— Ыбырай Алтынсарин — қазақ балалар әдебиетінің атасы.


— .....?

— Ыбырай Алтынсарин қазақ даласына жаңалық әкелді.

— .....?

— Ыбырай Алтынсарин орыс ғалымдары В.В. Григорьев, Н.И. Ильминскиймен дос болған.

5-тапсырма. Төмендегі сызбаны пайдаланып, мәтін құрастыр.



6-тапсырма. Суреттегі Ыбырай Алтынсарин салдырған Торғай қаласындағы мектеп пен өз мектебіңді салыстырып, әңгіме құра.



Есте сақта!

Ыбырай Алтынсарин Қостанай облысында туылған. Ы. Алтынсарин балаларға арнап көп әңгіме жазған. Ол кісі — балалар әдебиетінің атасы.

7 «Кел, балалар, оқылық!»

Мәтінді мәнерлеп оқисың.

Менің тілегенім
Сенің тілегенің
Сіздің тілегеніңіз
Оның тілегені

Жаңа сөздер

шырақ
ықылас
тілеген

Дұрыс айт!

шырақ
ықылас

Оқы. Қайтала.



Кел, балалар, оқылық!



Ыбырай Алтынсариннің Қостанай облысы Жанкелді ауданы Торғай ауылындағы ескерткіші

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ыбырай Алтынсариннің музейі неге ұқсайды?
2. Музейде қандай заттар бар?
3. Музейдегі қонақ бөлме қалай аталады?

2-тапсырма. **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жаз.**

Менің тілеген...
Сенің тілеген...
Сіздің тілеген...
Оның тілеген...

3-тапсырма. **Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.**

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.

Ы. Алтынсарин

4-тапсырма. **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жаз.**

1. Кел, бала..., оқылық.
2. Ыбырай Алтынсарин — балалар әдебиеті... атасы.
3. Ыбырай мектеп... жақсы оқиды.
4. Ыбырай Алтынсарин орыс ғалымдары... дос болған.

Тиісті қосымшалар:

-мен	*-лар*	*-нің*	*-те*

5-тапсырма. Суретке қарап, 3–5 сөйлемнен тұратын сипаттама мәтінін жаз.



6-тапсырма. Суреттегі мұғалім мен балалар арасында өтетін сұхбатты жаз. Әр кейіпкер кемінде 2 сөйлем айтуы қажет.

Үлгі:

— *Мұғалім:* Балалар, бүгін біз білім туралы өлең оқимыз.

— *Бала:* Иә, ұстаз! Біз тыңдауға дайынбыз.

..... .

..... .

7-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріп, пікіріңді жаз. Ол үшін сөздіктер мен анықтамалықтардан оқу-білімге қатысты ақпаратты тап.

- Неліктен мұғалім балалармен далада кітап оқып отыр?
- Суретте неге тек кітап пен балалар көрсетілген деп ойлайсың?
- Осы көрініс бүгінгі заманмен салыстыр. Қазір балалар қалай оқиды?

8 Бауыржан — батыр

Мәтінді мәнерлеп оқисың.

Оқы. Қайтала.



Бауыржан Момышұлы — батыр.

Жаңа сөздер

балуан
батыр
жазушы
тану

Дұрыс айт!

балуан [балұуан]
жазушы
[жазұушұ]
шығарма

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бауыржан Момышұлы кім?
2. Ол қандай соғысқа қатысқан?
3. Бауыржан Момышұлы жазушы ма?

2-тапсырма. Мәтінді оқы, мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі әрекетті білдіретін сөздердің қай уақытта орындалғанын айт.

Біз Бауыржан Момышұлын батыр ретінде танимыз. Ол көптеген өлең, кітаптар жазған. Бауыржан Момышұлы соғыс кезінде «Жазушыға», «Ана тілін ардақта», «Досыма» деген өлеңдер шығарған. Ол — «Мәскеу үшін шайқас», «Куба әсерлері» атты кітаптардың да авторы. Мен де Бауыржан ата секілді батыр болғым келеді.

3-тапсырма. Төмендегі сөздерді қатыстырып, бес сөйлем құрап жаз. Әр сөйлемде әрекетті білдіретін сөздерді қолдан.

батыр | балуан | жазушы | Бауыржан

қатысу | қазақ | өнер | көше

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті әріптерді қойып, көркем жаз.

б...лу...н | б...ты... | ...лең

ш...ғар...а | к...т...п | ж...зу...ы

...н...р | М...ск...у | Ба...ырж...н

5-тапсырма. Төмендегі кестені Бауыржан Момышұлы туралы мәліметтермен толықтыр.

Сұрақ	Жауап
Ол кім?	батыр, қолбасшы, жазушы
Қашан өмір сүрді?	
Қайда соғысты?	
Не істеді?	
Неліктен оны батыр дейміз?	

6-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып мәтін құрастыр.

Тірек сөздер: **батырлар, атамыз, музейге, оқимын.**

Талап:
- көптік жалғаулы 1 сөз;
- тәуелдік жалғаулы 1 сөз;
- септік жалғаулы 1 сөз;
- жіктік жалғаулы 1 сөз қолдан.

7-тапсырма. Жоба жұмысы. Өзің тұратын жерден шыққан бір батыр туралы ақпарат жина. Ол кісі туралы шағын презентация жаса.

Кел, жаттайық!

Ер Бауыржан атамыз.
Дивизия бастаған.
Дұшпанына қатал, мұз,
Ерліктері — дастан, ән.

Сұлтан Қалиұлы

Есте сақта!

Бауыржан Момышұлы — қазақтың батыры, жазушы. Ол Ұлы Отан соғысына қатысқан.

9 Қазақтың қаһарман ұлы

Сызбаның көмегімен мәтін құрастырасың.

Жаңа сөздер

қаһарман
ою
тасжол
ерлік

Дұрыс айт!

қаһарман
[қахарман]
ою [ойұу]

Оқы. Қайтала.



Бауыржан Момышұлының ескерткіші. Астана



Бауыржан Момышұлының отбасы



Бауыржан Момышұлының музейі

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Дұрыс жауапты айт.

1) Бауыржан Момышұлы қай шайқасқа қатысқан?
а) Алматы үшін ә) Москва үшін б) Ленинград үшін
2) Ол Волоколам тасжолында қай жылы ерлік көрсетті?
а) 1941 жылы ә) 1943 жылы б) 1945 жылы


2-тапсырма. Суреттердің орнына қажетті сөздерді қойып, Бауыржан Момышұлы мен қазақтың нақыл сөздерін жаз.

Намысты  -ға сатпа.

 -ды қамыс, ерді намыс өлтіреді.

Ағаш көркі — , адам көркі — шүберек.

Отан үшін  -қа түс, күймейсің.

 — қорқақ, қол — батыр.

3-тапсырма. Мәтінді оқы.

Бауыржан Момышұлы суретті жақсы салған. Өзі салған автопортретінің бірнеше нұсқасы бар. Әр дәптерінің бетіне де түрлі суреттер салып отырған. Бауыржан ата ою да ойған. Әр оюдың артында қашан ойылғаны туралы мәлімет бар. Бауыржан атаның оюларын келіні Зейнеп Ахметова жинаған.

4-тапсырма. Адасқан сөздерден сөйлем құрап жаз.

1. Батыр ұлдарының қазақтың Бауыржан Момышұлы — бірі. 2. Ұлы Отан ол қатысқан соғысына. 3. Деген атқа ие «Халық қаһарманы» болған. 4. Балуан және жазушы ол болған адам. 5. Көше бар Алматы қаласында Бауыржан Момышұлының атында. 6. «Жазушыға», «Ана тілін ардақта», «Досыма» оның соғыс уақытында жазған деген өлеңдері бар.

5-тапсырма. **Сызбадағы әр сұраққа ойланып, өз жауабыңды жаз. Сол жауаптарға сүйеніп, «Егер мен батыр болсам...» тақырыбына 5 сөйлемнен тұратын шағын мәтін құрастыр.**

Үлгі: Кімді қорғаймын?

Отбасымды, достарымды қорғаймын.

Егер мен батыр болсам...	
Кімді қорғаймын?	
Не үшін күресемін?	
Мінезім қандай болады?	
Немен мақтанамын?	

6-тапсырма. **Жағдаят: Әмина әже немересі Әлібекпен бірге Бауыржан Момышұлы ескерткішінің алдында суретке түсті. Екеуі Бауыржан Момышұлы туралы сөйлесті. Әжесі мен Әлібектің диалогін рөлдік ойын түрінде көрсетіңдер.**

Тірек сөздер: балуан, батыр, жазушы, белгілі, Ұлы Отан соғысы.

7-тапсырма. **Жоба жұмысы. Ғаламтор мен бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып, Бауыржан Момышұлы туралы фотоколлаж дайында. Фотоколлажды сыныпта қорға.**

Есте сақта!

Бауыржан Момышұлы суретті жақсы салған. Бауыржан атаның оюы да көп.

10 Бұл кісі — суретші

Сұхбатты рөлге бөліп оқисың.

Жаңа сөздер

дарын
үнемі
тұлға
туынды

Дұрыс айт!

үнемі
(үнөмү)
тұлға

Оқы. Қайтала.



Әбілхан Қастеев — атақты суретші.



Ә. Қастеев. «Түрксіб»



Әбілхан Қастеевтің музей-үйі

1-тапсырма. Сұхбатты тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әбілхан Қастеев кім?
2. Ол кісі туралы не білесің?
3. Ә. Қастеевтің қандай туындысы бар?

2-тапсырма. Сұхбатты рөлге бөліп оқыңдар.

— Анашым, мына суреттерге қараңызшы. Өте әдемі! — деді Әлібек.

Анасы:

— Иә, балам. Бұлар Әбілхан Қастеевтің туындылары. Ол кісі — атақты суретші, — деп жауап берді.

— Маған «Түрксіб» ерекше ұнады. Менің де сурет салғым келеді.

— Әбілхан Қастеев секілді сурет салғың келсе, көп оқып, сурет салып үйрену керек. Қастеев — ұлы тұлға.


— Әрине, анашым. Мен сабақты жақсы оқимын. Сурет салуды үйренемін.

— Айналайын, ақылдым менің! Онда ертең бейнелеу өнері үйірмесіне жазыламыз. Жарай ма?

Әлібек қуанып:

— Алақай! Мен де суретші боламын! — деді.

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.




4-тапсырма. Төмендегі әріптерден сөз құрастыр. Ол сөздерді пайдаланып шағын әңгіме құра.



5-тапсырма. **Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, көркем жаз.**

Менің сур...тші бол...ым ке...еді. Таб...ғат...ы бе...нелеген...і ұна...амын. Анам...ың су...етін салға...ды да ер...кше жақ...ы к...рем. Т...рлі түс...і қа...ындашт...рым мен бо...уларым бар.

6-тапсырма. **Суретші болу үшін не істеу керек? Сызбаны толықтыр. Ойынды дәлелде.**



7-тапсырма. **Өзіне ұнаған Ә. Қастеевтің бір картинасы туралы айтып бер.**



Есте сақта!

Әбілхан Қастеев — атақты суретші. Менің де суретші болғым келеді. Ол кісінің «Түрксіб» деген атақты туындысы бар.

11 Тасқа сурет салған бала

Тірек сөздердің көмегімен мәтінді мазмұндайсың.

Жаңа сөздер

тас қашау
теміржол
арқар
сақина

Дұрыс айт!

тас қашау

Оқы. Қайтала.



Ә. Қастеев. «Амангелді сарбаздары»

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, мазмұнын айт.

Тірек сөздер: мектепте, дәптерлеріне, сурет салып берген, ою ойған, ауыл адамдары, Түрксіб теміржолы, оқуға жіберген.

2-тапсырма. Төмендегі сөздерге кім, не деген сұрақтарды қой. Оларды екі бағанға топтастырып жаз.

Талант, Әбілхан Қастеев, суретші, тұлға, қарындаш, бояу, туынды.

кім?	не?

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіндегі етістіктерді тауып, оларды айт.

Әбілхан Қастеев кішкене кезінде алғашқы суреттерін тастың бетіне қашап түсірген. Тастың бетіне арқар, аттың суреттерін салған. Жұмсақ тастардан сырға, сақина, мончақ жасаған. Оның жасаған әдемі заттарын ауыл адамдары таласып алған.

4-тапсырма. Кестедегі сөздерді сәйкестендіріп оқы.

★★

шығарма	оқимын
атақты	сурет
үнемі	суретші
халық	тұлға
көркем	туынды
әдемі	қаһарманы
дарынды	жазған
ерекше	өнер

5-тапсырма. Сурет салғанда қолданылатын құралдарды ата. Суреттерді пайдаланып, сөйлем құра.



6-тапсырма. Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап бер.

- Бұл бала не істеп отыр?
- Ол неге табиғатты бақылап тұр?
- Оның арманы қандай болды?
- Ол сурет салуды қалай үйренді?
- Сен оның орнында болсаң не істер едің?



7-тапсырма. Төмендегі сөздер 6-тапсырмадағы қай суретке сәйкес келеді? Айт.

1. бақылап тұр
2. салып отыр
3. ұстап тұр
4. салып жатыр

8-тапсырма. «Зерттеу жасаймын». Ғаламтордан, анықтамалықтардан Алматы қаласындағы Әбілхан Қастеевтің музей-үйі туралы ақпарат жина. Ақпаратқа сүйеніп, шағын зерттеу мәтінін жаз.

Есте сақта!

Әбілхан Қастеев алғашқы суреттерін тастың бетіне қашап салған. Ол тастан алқа, моншақ жасаған.

12-13 Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

Сөздердің орын тәртібін сақтап, сөйлем құрастырасың.

Жастар үшін үш нәрсе аса маңызды — терең білім,
еңбекқорлық және отаншылдық қасиет.
Қасым-Жомарт Тоқаев

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Сұраққа жауап бер.

Мен ұлы адамдар туралы кітап оқыдым. Дина Нұрпейісова, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Бауыржан Момышұлы, Ыбырай Алтынсарин, Әбілхан Қастеев туралы білдім. Дина Нұрпейісованың күйлерін тыңдадым. Шоқан Уәлиханов салған суреттерді көрдім. Ол суретті өте жақсы салған. Абай Құнанбайұлының өлеңдерін оқыдым. Іниммен бірге Ыбырай Алтынсарин шығармалары бойынша түсірілген мультфильмдерді көрдім. Әбілхан Қастеевтің музейіне бардым.

- Ал сен бұл кісілер туралы не білесің? Айтып бер.

2-тапсырма. Сызбаны толтыр.

Абай Құнанбайұлы	ақын	...	...
Шоқан Уәлиханов	ғалым	...	...

3-тапсырма. Кестедегі мәліметтердің жанына тұлғалардың аттарын жаз.

Тұлға	Мәлімет
.....	Күйлерін тыңдадым
.....	Өлеңдерін оқыдым
.....	Музейіне бардым
.....	Мультфильмін көрдім
.....	Суреттерін көрдім

4-тапсырма. Адасқан сөздерден сөйлем құрап жаз.

а) тыңдадым — Динаның — мен — күйлерін
ә) музейіне — мен — Қастеевтің — бардым
б) оқыдым — Абайдың — өлеңдерін — мен

5-тапсырма. Кестені мәліметтермен толықтыр.

Тұлғаның аты-жөні	Қандай ісімен танымал?	Ол туралы қандай дерек оқыдың?
Абай Құнанбайұлы		
Дина Нұрпейісова		
Шоқан Уәлиханов		
Бауыржан Момышұлы		
Ыбырай Алтынсарин		
Әбілхан Қастеев		

6-тапсырма. 1) Суреттердегі кейіпкерлерді сипатта. 2) Өзіңе ұнаған бір көріністі таңдап, сол баланың атынан сөйле.

Үлгі: 1) Суреттерде үш бала бар. Бірінші суреттегі ұл баланың шашы қоңыр. Үстіндегі ...

2) Менің атым — Әлібек. Мен музейге бардым.



7-тапсырма. Жоба жұмысы. Сенің өлкеңде туған ұлы тұлғалар туралы ақпарат жина. Бір тұлға туралы коллаж дайында.

Данасөз

Жақсының аты өлмейді,
ғалымның хаты өлмейді.

Білгенге маржан

- Күш білімде, білім кітапта.
- Ұлының өзімен кездеспесең де, сөзімен кездесуге асық.

7 Су — тіршілік көзі

Сусыз өмір жоқ.
Қасым-Жомарт Тоқаев



ТІРЕК СӨЗДЕР:



суару, отырғызу



өзен



тұщы су, сусын, шөлдеу



үнемдеу, тамшы



теңіз, терең



өзен, көлшік



ОҚУШЫ, СЕН БҰЛ МОДУЛЬДЕ:

суға, оның қалпына қатысты сөздерді дұрыс қолданасың ;

шағын мәтіндердің мазмұнын түсінесің;

өз пікіріңді дәлелдеуді үйренесің;

Оқу барысында сен мыналарды ҮЙРЕНЕСІҢ:



суреттерді мәтін мазмұны бойынша орналастыруды;

мәтін мазмұны мен кейіпкерлердің іс-әрекетін нақтылауды;



тірек сөз, сурет, жоспар бойынша баяндауды;



құбылыстарды, заттарды сипаттауды;





сұрақ қойып, сұхбат құруды.



1 Судың пайдасы

Тірек сөздер бойынша сөйлейсің.

Мен бақша суар+ды+м
Сен бақша суар+ды+ң
Сіз бақша суар+ды+ңыз
Ол бақша суар+ды

Жаңа сөздер

көмектесші
шөлдеді
суару

Дұрыс айт!

суару [сұуарұу]
көмектесші [көмөктөшші]
шөлдеді [шөлдөдү]

Оқы. Қайтала.

Кім?	*мен*	*сен*	*ол*
Кімнің?	*менің*	*сенің*	*оның*
Кімге?	*маған*	*саған*	*оған*
Кімді?	*мені*	*сені*	*оны*

Маған көмектес!
Саған көмектес+сін!
Оған көмектес!

1-тапсырма. **Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, мәтін не туралы екенін айт.**

Тірек сөздер: сусыз, өмір сүру, ішеді, дайындайды, жуынады, тазалайды.

2-тапсырма. **«Шөлдедім», «суар», «көмектес» деген сөздер қай суреттердің мазмұнына сәйкес келетінін айт.**





3-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Өтініш, бұйрық мағынасындағы сөздерді табыңдар. «Сен, саған» деген сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

Адам бақша өсірді. Бақша шөлдеді.

Адам Суға:

— Су, сен әдемісің, тазасың, көңілдісің. Маған көмектесші! — деді.

Су:

— Жарайды, — деді.

Су Адамға көмектесті. Су бақшаны суарды.

Адам Суға:

— Рақмет саған, Су! — деді.

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

1. Адам (гүл, бақша) өсірді. 2. Бақша (айтты, шөлдеді). 3. Су бақшаны (көрді, суарды). 4. Су адамға (көмектесті, айтты).

5-тапсырма. Қимылды білдіретін сөздерді тап және қай уақытта болғанын анықта. Кестені толтыр.

Сөйлем	Қимылдың қашан болғанын жаз
Адам бақша өсірді	Бұрын
Су бақшаны суарды	
Ол бақша өсіріп жатыр	Қазір
Су Адамға көмектесті	
Сен су ішіп жатырсың	

6-тапсырма. **Суреттер мен тірек сөздерді қолданып, сұхбат құрастырыңдар.**

Тірек сөздер: су саған, бақша, көмектесші, рақмет, маған, адам, өсірді.

- Адам не өсірді?



7-тапсырма. **Бос орындарды қажетті сөздермен толықтырып, бұйрық бер.**

Күн ыстық. Мен ... .
Анам: «Гүлдер шөлдеді. Гүлдерді ... !» деді.
Асан құлады. Ол маған «... !» деді.

Қажетті сөздер: суар, көмектесші, шөлдедім.

8-тапсырма. **Сұрақтарды пайдаланып сұхбат құрыңдар.**

1. Су кімге көмектесті?
2. Адам не өсірді?
3. Су нені суарды?
4. Адам Суға неге рақмет айтты?

Кел, жаттайық!

Су — тіршіліктің көзі,
Су — өмірдің өзі.

Есте сақта!

Адам бақша өсірді.
Бақшаны суарды.
Адам Суға рақмет айтты.

2 Суды үнемде

Тірек сөздер бойынша сөйлейсің.

Мен суды үнемде+й+мін
Сен суды үнемде+й+сің
Сіз суды үнемде+й+сіз
Ол суды үнемде+й+ді

Жаңа сөздер

тұщы су
үнемдеу
ласта /ластама
төк/төкпе
тамшы
теңіз

Дұрыс айт!

тұщы су [тұщұ сұу]
үнемдеу [үнөмдөу]
ласта /ластама [ыластама]
төк /төкпө
тамшы
теңіз


Оқы. Қайтала.

Суды үнемде! Суды ластама! Суды төкпе!


тұщы су


үнемде


төкпе


ластама


тамшы

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, Әлидің не істегенін айт.

Тірек сөздер: төк, төкпе, үнемде.

ТІЛДІК БАҒДАР

Етістіктің райы

Бұйрық рай біреуге бұйыруды, өтінуді, шақыруды немесе кеңес беруді білдіреді.

Мысалы: Төкпе! Ағызба! Тыңда! Қара! Балалар, суды үнемдеңдер!

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Бұйрық, өтініш мағынасында айтылған сөйлемдерді анықта.

Әлемде ащы су көп, тұщы су аз. Біз ащы суды ішпейміз. Тұщы суды ішеміз, тамаққа пайдаланамыз.

Суды ластама! Суды үнемде, төкпе! Тамшыдан теңіз құралады. Судың да сұрауы бар. Сен суды қалай үнемдейсің?

3-тапсырма. Сөздерге тиісті қосымшаларды жалғап жаз.

Ласта... (-ма, -ме), төк...(-па, -пе), айт...(-пе, -па), көр... (-ме, -ма), кет...(-па, -пе), қал... (-ма, ме).

4-тапсырма. Сөйлемді аяқта. Бұйрық түрінде айтылған сөйлемдерге ! (леп белгісін) қой.

1. Өзен — бұл ... *(тұщы су / ащы су).*
2. Тұщы суды ... *(тамшы / үнемде).*
3. Таза суды ... *(ласта / төкпе).*
4. Әкем: «Суды ...», — деді *(ластама / қоқыс).*
5. Қоқыс ... *(тастама/ лақтыр).*
6. Бақшаны ... *(көр/суар).*

5-тапсырма. «Мен» сөзі неліктен әртүрлі қолданылғанын түсіндір. «Мен» сөзінің орнына «ол» сөзін қолданып, сөйлемдерді өзгертіп жаз. Не өзгерді?

1. Мен гүл отырғыздым. 2. Менің гүлім тез өсті. 3. Маған апай гүлді суар деді. 4. Мені апай «жарайсың» деп мақтады.

Үлгі: Ол гүл отырғызды. ...

6-тапсырма. «Суды үнемдейміз» жобасы. Су туралы 3-4 ереже ойлап жаз. Ережелер бұйрық түрінде болуы керек.

Мысалы:

Суды үнемде!

8-тапсырма. Сөйлемдерді оқы. Бұйрық райдағы сөздерді теріп жаз.

Суды үнемде!
Мен су ішемін.
Біз су туралы оқыдық.
Қолыңды жу!

8-тапсырма. Суреттердің мазмұнына сай сөздерді жаз. Сөйлем құрап айт.



Кел, жаттайық!

Ащы жеген Тазша
баланың аузы ашыды,
Тазша бала тұщы
сумен аузын шайды.

Есте сақта!

Суды ластама! Суды үнемде, төкпе! Тамшыдан теңіз құралады. Судың да сұрауы бар.

3 Ағаш сумен өседі

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бересің.

Мен ағаш отырғыз+а+мын
Сен ағаш отырғыз+а+сың
Сіз ағаш отырғыз+а+сыз
Ол ағаш отырғыз+а+ды

Жаңа сөздер

айнала
отырғызу
әрине

Дұрыс айт!

қайың, ағаш,
айнала, отырғыз,
әрійне

Оқы. Қайтала.



ағаш отырғызамыз

алма

мектептің айналасы

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін не туралы?
2. Мектеп неше қабатты?
3. Мектептің айналасы қандай?

2-тапсырма. **Мәтінді оқы. Жаңа сөздерді тап.**

Біз сенбі күні мектептің айналасына ағаш отырғызамыз. Мұғалім ағаш әкеледі. Біз алма, алмұрт, шырша ағаштарын отырғызамыз. Ағаштар да шөлдейді. Сабақтан кейін ағаштарды суарамыз. Ағаштар сумен өседі.



шырша

алмұрт

алма

3-тапсырма. **Сөздерді сәйкестендір.**

1. Мектептің	суару
2. Ағаш	айналасы
3. Бақшаны	шөлдедім
4. Мен	отырғызу

4-тапсырма. **Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер. Кестені толтыр.**

Кім?	Не істейді?
Біз	ағаш ... .
Мұғалім	ағаш ... .
Біз	ағаштарды ... .

5-тапсырма. **Әнелдің орнына «ол, оның, оған, оны, онымен» деген сөздерді қолданып, мәтінді өзгертіп жаз.**

Әнел суды төкпейді. Әнелдің әкесі суды үнемде дейді. Бүгін Әнелді көрдім. Мен Әнелге көмектесемін. Түстен кейін Әнелмен киноға барамын.

6-тапсырма. Сөйлемді аяқта.

1. Мектептің ... таза (айналасы/ бөлмесі).
2. Балалар ағаш ... (көрді/отырғызды).
3. Мектептің айналасын ... (ластамаңдар/төкпеңдер).

7-тапсырма. Өткен және алдағы уақытта болатын қимыл-әрекет сөздерін қатыстырып, сөйлем құра.

Өткен уақытта болған	Алдағы уақытта болады
шөлде+ді	шөлде+й+ді
көмектес+ті	көмектес+е+міз
суар+ды	суар+а+мыз
отырғыз+ды	отырғыз+а+мыз
өс+ті	өс+е+ді

Мысалы: Мен шөлдедім. Ағаштар шөлдейді.

8-тапсырма. Сұхбатты толықтырып оқы.

— Ата, мынау ... ағаштар?
— Бұл — алмұрт. Ал мынау ... .
— Мен алмұртты ... .
— Міне, ал.
— Ата, ағаштар шөлдей ме?
— Әрине, балам. Қазір ағаштарды суарамыз. Ағаш сумен өседі.

Кел, жаттайық!

Жақсылықты қолдаймыз,
Табиғатты қорғаймыз.
Тал егеміз бақтарға,
Айналасын қоршаймыз.

Бақдәулет Төлебаев

Есте сақта!

Бұл — алма ағашы.
Мектептің айналасына ағаш отырғызамыз. Ағаштар шөлдейді. Біз ағаштарды суарамыз. Ағаш сумен өседі.

4 Құдықтың суы тұщы

Жоспар бойынша мәтінді мазмұндайсың.

Мен арамшөп жұл+ды+м
Сен арамшөп жұл+ды+ң
Сіз арамшөп жұл+ды+ңыз
Ол арамшөп жұл+ды

Жаңа сөздер

жер
қопсыту
арамшөп
иісі
дәм
терең

Оқы. Қайтала.



құдық терең

Дұрыс айт!

жер
қопсыту
[қопсұтұу]
арамшөп
иісі [ійісі]
дәм
терең
құдық [құдұқ]

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, қайтала.

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Жаңа сөздерді анықта. «Біз» деген сөз неліктен әртүрлі қолданылғанын түсіндір.

Біздің бақшада алма ағашы, алмұрт ағашы өседі. Әкем жерді қопсытады. Біз бақшаны тазалаймыз, арамшөп жұламыз. Бақшаның иісі керемет! Бақшада құдық бар. Құдық терең, суы тұщы. Судың дәмі жоқ. Ағаштарды құдықтың суымен суарамыз.

3-тапсырма. **Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.**

Қажетті сөздер: алма ағашы, тұщы, қопсытады, терең, арамшөп, дәмі, құдық.

1. Бақшада ... өседі. 3. Әкем жерді ... . 3. Біз ... жұламыз. 4. Бақшада ... бар. 5. Құдық ... . 6. Құдықтың суы ... . Судың ... жоқ.

4-тапсырма. **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып көшір.**

Мен жерді қопсыт ...
Сен жерді қопсыт ...
Сіз жерді қопсыт ...
Ол жерді қопсыт ...

Біз арамшөп жұл ...
Сендер арамшөп жұл ...
Сіздер арамшөп жұл ...
Олар арамшөп жұл ....

Тиісті қосымшалар:

-тым	*-тың*	*-тыңыз*	*-ты*
-дық	*-дыңдар*	*-дыңыздар*	*-ды*

5-тапсырма. **Сұрақтарға жауап бер. Кестені толтыр.**

Кім?	Не істейді?
Әкем	жерді ... .
Біз	... жұламыз.
Біз	бақшаны ... .
Біз	ағаштарды ... .

6-тапсырма. **Суреттер бойынша сұхбат құрыңдар. Мен, менің, біз, ол деген сөздерді қолдан.**



7-тапсырма. Сұрақтардың орнына «мен, менің, маған, мені» сөздерін қойып, сөйлемді толықтыр.

1. Әкем (кімге?) «көмектес» деді. 2. (Кім?) жерді қопсыттым. 3. Бақшада (кімнің?) алмұрт ағашым бар. 4. Әкем (кімге?) рақмет айтты. 5. Ол (кімді?) жақсы көреді.

8-тапсырма. «Менің кішкентай бақшам» зерттеу жобасы. Бақшаның суретін сал. Алдағы уақытта не істейтініңді айтып, сурет бойынша 3 сөйлем жаз.

Үлгі: Мен бақша өсіремін. ...

9-тапсырма. Жоспарға сүйеніп, мазмұнда.

1. Бақшада өсетін ағаштар.
2. Бақшадағы жұмыс.
3. Құдық суы.
4. Бақша суару.

Кел, жаттайық!

Көктем келді, көшетektім,
Су да құйдым, жайнап өссін.
Жазда салқын самал ессін,
Күзде жейтін жеміс берсін!

Есте сақта!

Жерді қопсытамыз. Арам-шөп жұламыз. Құдықтың суы тұщы. Судың иісі жоқ. Құдық терең.

5 Су денсаулыққа пайдалы

Тірек сөздердің көмегімен сөйлейсің.

Мен сусын іш+е+мін
Сен сусын іш+е+сің
Сіз сусын іш+е+сіз
Ол сусын іш+е+ді

Жаңа сөздер

сусын
қайнат
емдеу
жағажай

Дұрыс айт!

емдеу
жағажай
сусын [сұусұн]
қайнат


Оқы. Қайтала.



Суды қайнатып іш.



жағажай



сусын

1-тапсырма. Тірек сөздер мен суреттерді пайдаланып, түсінгеніңді айт.

Тірек сөздер: жағажай, сусын.





2-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.

Әлібек жазда жағажайға барды. Күн ыстық. Ол шөлдеп, суық сусын ішті. Оның тамағы ауырып, дәрігерге барды.

Дәрігер:

— Суық сусын іштің бе? — деп сұрады.

Әлібек:

— Иә, суық сусын іштім, — деп жауап берді.

Дәрігер:

— Әрине, ауырасың. Суық сусын ішпе. Суды қайнатып іш. Су пайдалы, — деді.

Дәрігер Әлібекті емдеді.

3-тапсырма. Мазмұн желісі бойынша суреттердің ретін айт.



1



2



3



4

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз. «Ол» деген сөз неліктен әртүрлі қолданылғанын түсіндір.

Қажетті сөздер: сусын, жағажайға, қайнатып, ауырды, емдеді.

1. Әлібек ... барды. 2. Ол ... ішті. 3. Оның тамағы ... . 4. Дәрігер оған: «Суды ... іш», — деді. 5. Дәрігер оны ... .

5-тапсырма. **Сұрақтарды пайдаланып, сұхбат құрыңдар. «Ол», «оған» деген сөздерге мән беріп, неге екі түрлі қолданылғанын айтыңдар.**

1. Әлібек қайда барды?
2. Ол жағажайда не ішті?
3. Дәрігер оған қандай кеңес берді?

6-тапсырма. **Сөйлемді аяқта.**

1. Өтінемін, суды ... (төк/қайнат).
2. Біз жазда ... (жағажайға/ауылға) барамыз
3. Балалар, жағажайды ... (ластамаңдар/іздеңдер).
4. Апельсин шырыны — менің сүйікті ... (сусыным/тәттім)

7-тапсырма. **Жұптық жұмыс. «Әрине» деген сөзді қолданып, сөйлесіңдер.**

1. Сусын ішесің бе?
   ... , ішемін.
2. Сен жағажайға барасың ба?
   ... , барамын.
3. Сен маған кітап оқып бересің бе?
   ... , оқып беремін. Кел, отыр!

Кел, жаттайық!

Су — өмірдің нәрі.

Есте сақта!

Жағажайға барамын.
Салқын сусын ішпе.
Суды қайнатып іш.
Дәрігер емдейді.

6 Адамдар мен Өзен (ертегі)

Мәтіннің жанрын анықтайсың.

Жаңа сөздер

өзен
дәмді
асты
түбі
көлшік

Дұрыс айт!

өзен [өзөн]
дәмді
асты
көлшік [көлшүк]

Оқы. Қайтала.



өзен

өзеннің түбі

1-тапсырма. **Мәтінді тыңда. Қандай жаңа сөздерді естідің? Мәтінде не туралы айтылды?**

2-тапсырма. **Мәтінді оқып, мұғалімнің көмегімен жанрын анықта.**

Баяғыда Өзен болыпты. Адамдар Өзенге:
— Өзен, суың қандай дәмді! — дейді.
Өзен:
— Рақмет! — дейді.
Өзен адамдарға су береді. Ағаштар мен гүлдер су ішеді.
Адамдар Өзенді ластайды. Қоқыс тастайды. Өзеннің түбі қоқыс болады. Өзен көлшікке айналады. Ол адамдарға ренжиді.

3-тапсырма. **Төменде берілген Адам мен Өзеннің әрекеттерін анықта, айт.**

Әрекеттер:

1. Суың қандай дәмді! — дейді.
2. Рақмет! — дейді.
3. Су береді.
4. Ағаштар, гүлдер су ішеді.
5. Өзеннің түбі қоқыс болды.
6. Ластайды.
7. Өзен көлшікке айналады.
8. Ренжиді.

Адамдардың әрекеті:	Өзеннің әрекеті:
1.	1.
2.	2.

4-тапсырма. **Сұрақтарға жауап бер.**

1. Өзен кімдерге су берді?
2. Өзен неге ренжіді?

5-тапсырма. **Өзенді қорғаудың ережесін құрастыр. Екі ереже айт.**

Үлгі: 1. Қоқыс тастама.
2. ... .

6-тапсырма. **Топтық жұмыс. «Өзенді қорғайық» постерін дайындаңдар.**

1. Өзеннің таза және ластанған кезіндегі суретін салыңдар.
2. Өзеннің бұрынғы және қазіргі кезін салыстырыңдар.
3. Әр топ постерді 1-2 сөйлеммен түсіндіріңдер.

Үлгі: Өзенге қоқыс тастауға болмайды. ...

7-тапсырма. **Берілген сөздерді дұрыс орналастыр. «Таза өзен» тақырыбына 3 сөйлемнен тұратын мәтінін құрастыр.**

1. таза, өзеннің, суы.
2. жүзеді, балықтар, өзенде.
3. тастамаймыз, біз, қоқыс, өзенге.


8-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

Қалай ойлайсың, адамдардың әрекеті дұрыс па? Неге?

9-тапсырма. Суреттер бойынша сұрақтарға жауап беріп, сұхбат ұйымдастырыңдар.

1. Өзен қандай?
2. Өзеннің айналасы не болды?
3. Өзен кімге ренжіді?
4. Соңында өзен қандай болды?
5. Көлшік қандай?


1


2


3

Кел, жаттайық!

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Ыбырай Алтынсарин

Есте сақта!

Өзеннің суы дәмді. Адамдар Өзенге қоқыс тастайды. Өзеннің астына қоқыс жиналады. Өзен ренжиді. Ол көлшікке айналады.

7 Мейірімді Өзен (ертегінің жалғасы)

Мәтіннің алдындағы немесе кейінгі оқиғаны болжайсың.

Жаңа сөздер

ақ [ағып кетеді]
беті
қатады
мұз

Дұрыс айт!

ақ (ағып кетет)
беті
қатады [қатат]
мұз

Оқы. Қайтала.



қатады
мұз болады



Су ақты (ақ)



Өзен а(қ)ғып кетеді

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, қыста судың беті қандай болатынын айт.

Тірек сөздер: беті, қатады, мұз.

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Өзен адамдарға ренжиді. Ол суық жерге ағып кетеді. Өзеннің беті қатады. Мұз болады.

Адамдар Өзенге келеді:

— Өзен, бізді кешір. Ренжімеші! — дейді.

Өзеннің түбіндегі қоқысты тазалайды. Мейірімді Өзен кешіреді.

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

1. Өзен неге ренжиді?
2. Өзен қайда ағып кетеді?
3. Өзеннің беті не болады?

4-тапсырма. Сөйлемдерді мәтін мазмұны бойынша ретімен қой.

1. Өзен суық жерге ағып кетеді.
2. Өзеннің беті қатып, мұз болады.
3. Өзен ренжиді.
4. Мейірімді өзен кешіреді.
5. Адамдар қоқысты тазалайды.

5-тапсырма. Суретті сөзбен жазып, сөйлемді толықтыр. Оқиғаның қай уақытта болғанын айт.

1.	2. Өзеннің	3. Өзен
		
адамдарға ренжиді.	қатады.	болады.

6-тапсырма. Өзенге не болғанын анықта. Не себепті олай болғанын ойланып, кестеге жаз.

Неге? (себебі)	Не болды? (нәтиже)
Адамдар қоқыс тастады	Өзен
	Өзен
	Өзеннің

7-тапсырма. Топтық жұмыс. Өзенге не болды? Оны қалай қорғауға болады? Сұрақтарға жауап беріп, постер жасаңдар. Суретін салыңдар.

1-бөлім	2-бөлім	3-бөлім
Өзенге не болды?	Неге олай болды?	Не істеу керек?
Үлгі: Өзен ...	Себебі ...	Өзенді ...

8-тапсырма. Адамдардың әрекеті дұрыс па? Ойлан. Сөйлемді аяқта.

Менің ойымша, адамдар ... .
Себебі ... .

9-тапсырма. Жағдаят: Сен досыңды ренжітіп алдың. Кешірім сұра. Мәтіндегі сөздерді пайдалан.

Кел, жаттайық!

Жұмбақ

Аузы жоқ, сыңғырлайды, күледі,
Онсыз бірақ жер бетінде тірлік жоқ.

Есте сақта!

Өзен ағып кетеді.
Оның беті қатады,
мұз болады.
Кешір, ренжімеші!

8 Мақтаншақ Көлшік

Етістіктің түрлерін анықтай аласың.


Жаңа сөздер

мақтанды
мақтаншақ
бу
кеуіп қалады

Дұрыс айт!

мақтанды
мақтаншақ
бу [бұу]
кеуүп қалады

Оқы. Қайтала.



Буға айналды



Көлшік кеуіп қалды

1-тапсырма. **Мәтінді тыңдап, түсінгеніңді айт.**

2-тапсырма. **Мәтінді түсініп оқы. Оқиғаның қай уақытта болғанын (өткен, қазіргі) анықта.**

Жазда жаңбыр жиі жауды. Құдықтың айналасында Көлшік пайда болды. Ол: «Мен көлмін!» — деп мақтанды. Күзде Көлшіктің суы бу болып ұшты. Суы азайып, Көлшік шөлдеді. Кейін мақтаншақ Көлшік кеуіп қалды. Ал Құдық қалды.

3-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша суреттердің ретін айт.



1. кеуіп қалады



2. көлшік



3. жаңбыр




4. құдық



5. бу

4-тапсырма. Суреттерді сөзбен жазып, сөйлемдерді толықтыр.

1.  жауды.

2.  айналасына  пайда болды.

3. Көлшіктің суы  айналды.

4. Көлшік  .

5-тапсырма. **Мәтіндегі ақпаратты пайдалан. Себебін жазып, сөйлемдерді толықтыр.**

1. Құдықтың айналасында көлшік пайда болды, себебі ... .
2. Көлшіктің суы бу болды, себебі ... .
3. Көлшік шөлдеді, себебі оның ... .

6-тапсырма. **Мәтінді оқы. Көлшік пен Құдықты салыстыр. Кестені толтыр.**

Көлшік	Құдық
Жаңбырдан пайда болды.	Бұрыннан бар.
Суы ...	Суы ...

7-тапсырма. **«Су қайда кетті?». Шағын зерттеу жаса. Кесеге аздап су құй, оны терезенің жанына қой. 1-2 күн суды бақыла. Су азайды ма? Су қайда кетті? 2 сөйлеммен қорытынды жаз.**

Қорытынды: Кеседегі су ... . Су ... .

8-тапсырма. **«Кім тапқыр!» ойыны. Суреттелуі бойынша анықта.**

1. Үнемі өзінің ойыншығын көрсететін бала? мақтаншақ/әдемі
2. Күн ыстық болғанда су не болады? бу/дәмді
3. Күн ыстық болғанда көлшік қайтті? толып қалды/кеуіп қалды
4. Күн ыстық болғанда адамдар қайтеді? ішеді/шөлдейді

Есте сақта!

Көлшік мақтанды. Ол мақтаншақ. Су бу болды. Көлшік кеуіп қалады.

9 Балық аулайды

Етістіктің түрлерін үйренесің.

Мен балық аулаймын
Сен балық аулайсың
Сіз балық аулайсыз
Ол балық аулайды

Жаңа сөздер

аулау
қармақ

Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

балық
аулау
қармақ
алып кетіңізші
[алып кетіңішші]

1-тапсырма. **Мәтін кім туралы екенін айт. Қандай жаңа сөздер естідің?**

2-тапсырма. **Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Жаңа сөздерді анықтаңдар.**

Әлібек пен атасы өзенге барады. Олар балық аулайды. Қармаққа Балық түседі.

Балық:

— Ата, мені алып кетіңізші! — дейді.

Атасы:

— Неге? — деп сұрайды.

Балық:

— Бұл өзеннің суы лас. Мен лас суды ішпеймін, — деп жауап береді.

Әлібек пен атасы өзенді тазалайды.

Балық оларға:

— Рақмет! — дейді.

3-тапсырма. Суреттер бойынша сұрақтарға жауап бер. Тірек сөздерді қолданып, 3-4 сөйлемнен тұратын мәтін құра.

Тірек сөздер: қармақ, балық аула, өзен.

Қармаққа не түседі?





Әлібек пен атасы қайда барады?





4-тапсырма. Суреттерді сөзбен жазып, сөйлемдерді толықтыр.

Әлібек пен атасы  барады.

Олар өзеннен  аулайды.


-қа Балық түседі.

5-тапсырма. Қазіргі уақыттағы қимылды білдіретін сөздерді өткен уақыт формасында жаз. Кестені толтыр.

Қазіргі уақыт	Өткен уақыт
барады	барды
аулайды	
тазалайды	
алып кетеді	

6-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдалан. Себебін жазып, сөйлемдерді толықтыр.

1. Балық өзеннен кеткісі келеді, себебі ... .
2. Балық Әлібек пен атасына рақмет айтты, себебі ... .
3. Балық өзеннің суын ішпейді, себебі ... .

7-тапсырма. Өзенді қорғау үшін бұйрық түрінде 3-4 ереже жаз. Берілген сөздерді пайдалан.

Үлгі: Өзенді ластама!

Қажетті сөздер: қорға, тазала, тастама, ластама, көмектес.

8-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, сұхбат құрыңдар.

1. Әлібек пен атасы қайда барады?
2. Олар өзеннен не аулайды?
3. Қармаққа не түседі?
4. Балық атаға не дейді?
5. Балық өзеннен неге кеткісі келеді?
6. Әлібек пен атасы не істейді?
7. Балық атаға не үшін рақмет айтады?

Кел, жаттайық!

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
Бетінде күннің нұры балқыған көл.
Жарысып саф күмістей ақ көбігін
Мап-майда мөлдірінде қалқыған көл.

Мағжан Жұмабаев

Есте сақта!

Балық аулайды. Қармаққа Балық түседі. Балық: «Алып кетші!» — дейді. Көлдің суы лас. Көлді тазалайды.

10 Жағажайда

Шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсінесің.

Жаңа сөздер

жүзу
алыс
тастау
қоқыс

Дұрыс айт!

жағажай
тұщы [тұшшұ]

Оқы. Қайтала.



жағажай

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, түсінгеніңді айт.

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Мен жағажайға барамын. Жағажайда бала көп. Мен жақсы жүземін. Өзеннің суы тұщы. Бірақ терең. Сондықтан алысқа бармаймын.

Жағажайда шөлдеймін. Әжем сусын қайнатып береді. Әжемнің сусыны дәмді.

- Әлібек қайда барады?
- Өзеннің суы қандай? Сипаттап айт.

3-тапсырма. Тиісті қосымшаларды жаз.

★★

Мен жүзе... .
Сен жүзе... .
Сіз жүзе... .
Ол жүзе... .

Біз шөлдей... .
Сендер шөлдей... .
Сіздер шөлдей... .
Олар шөлдей... .

Тиісті қосымшалар:

-мін	*-сің*	*-ды*	*-ді*
-сіңдер	*-міз*	*-сіздер*	*-сіз*

4-тапсырма. Сөйлемдерді іс-әрекеттің орындалу уақыты бойынша сызбаға орналастыр.

★


1. Мен жағажайға барамын.
2. Мен балық аулауға бардым.
3. Мен суда жүземін.

Кеше	Бүгін	Ертең

5-тапсырма. Жағажайда қойылатын әр тыйым белгісіне сөйлем құрастыр. Сөйлемдер бұйрық түрінде болсын.

★★







Қажетті сөздер: барма, жүзбе, тастама, алысқа, қоқыс, тереңге.

6-тапсырма. **Сызба бойынша мәтін құрастыр. Әр сөзді қатыстырып сөйлем құра. Сөйлемдерді мәтінге біріктір.**

Жағажай → жүзу → шөлдеу → әженің сусыны

Талап: Мәтінде 1 өткен уақыт, 1 осы уақыттағы әрекет туралы айтылуы керек.

7-тапсырма. **«Өзенде қауіпсіз жүзу» тақырыбында постер жаса.**

Постерге:

1. Өзеннің суретін сал.
2. 3 қауіпсіздік белгісін сал.
3. Бұйрық түрінде 3 ереже жаз.

8-тапсырма. **Мәтін мазмұны бойынша сұхбат құрыңдар.**

1. Кім жағажайға барады?
2. Жағажайда кімдер бар?
3. Өзеннің суы қандай?
4. Әлібек неге алысқа бармайды?
5. Әлібек сусынды қайдан алады?

Есте сақта!

Мен жағажайға барамын.
Суы тұщы, терең.
Әжем сусын қайнатады.
Сусын дәмді.

© Мектеп Горизонталь

11-12 Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

Сурет, сызбаларды қолданып мәтін жазасың және постер құрастырасың.

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Суды үнемдеудің ережесін дайында.

Мысалы: 1. Суды үнемде!
2. ... .
3. ... .

Сусыз бақша, ағаштар, гүлдер құрайды. Су бізге өмір сыйлайды. Адамдар тұщы суды пайдаланады. Әлемде тұщы су аз, ащы су көп. Біз тұщы суды үнемдейміз. Суды босқа төкпейміз. Суға қоқыс тастамаймыз. Табиғатты ренжітуге болмайды!

2-тапсырма. «Біз суды қалай үнемдейміз?» деген тақырыпта зерттеу жаса. Үйде немесе мектепте суды қалай үнемдеуге болатынын зертте.

- Үйде суды қалай пайдаланасыңдар? Бақыла.
- Қай жерде суды көп ағызасыңдар? Анықта.
- Қалай үнемдеуге болады? Ойлан.
- 3 мысал жаз.



Үлгі: 1. Тіс жуған кезде суды өшіру. 2. ...

3-тапсырма. Сұрақтарды пайдаланып, сұхбат құрыңдар.

1. Үйде суды неге пайдаланасың?
2. Сен суды қалай үнемдейсің?
3. Үйде қандай суды пайдаланасың: тазартылған су ма әлде ағын су ма?
4. Сенде аквариум бар ма?
5. Сен үйде аквариумда балық ұстағың келе ме?

4-тапсырма. Суретке қарап, Әлібектің не істегенін айт. 3 сөйлемнен тұратын мәтін құра.



5-тапсырма. Өзен мен көлшіктің суретін сал. Оларды сипаттап айт.

А. «Дәмді», «тұщы», «терең» деген сөздерді пайдаланып, өзенді сипатта.

Ә. «Лас», «арамшөп», «айнала» деген сөздерді пайдаланып, көлшікті сипатта.

6-тапсырма. Дұрыс не дұрыс еместігін анықта. Себебін жаз.

Жағдай	Дұрыс па?	Неге?
Балалар өзенге қоқыс тастады		
Әлібек атасымен балық аулады		
Балалар жағажайды тазалады		

7-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, «Жағажайда» тақырыбына мәтін құрастыр. Жинақтау

Мәтінде:

- 3–4 сөйлем;
- 1 бұйрықты сөйлем;
- мен, менің, маған деген сөздер болсын.



8-тапсырма. «Өзенде қауіпсіз жүзу» тақырыбында постер жаса.

Постерге:

1. Өзеннің суретін сал.
2. 3 қауіпсіздік белгісін сал.
3. Бұйрық түрінде 3 ереже жаз.

Данасөз

Су — өмірдің нәрі.

Білгенге маржан

Су бар жерде ырыс бар: ұстап, балық жейсің, бидай егіп, нанын жейсің.

8 Демалыс мәдениеті. Мерекелер

Мәдениет, әдеп пен тәрбие отбасынан басталады.
Қасым-Жомарт Тоқаев



ТІРЕК СӨЗДЕР:



музей



ұлттық мереке



жоспар



демалыс мәдениеті



шеру



ОҚУШЫ, СЕН БҰЛ МОДУЛЬДЕ:

Қазақстанда тойланатын ұлттық мерекелер жайлы қызықты мәліметтер аласың;

демалыс мәдениеті туралы көзқарасыңды айтасың;

өзіңнің демалыс уақытыңды қалай жоспарлауды;

мерекелерде құттықтауды үйренесің.

Оқу барысында сен мыналарды ҮЙРЕНЕСІҢ:



сұрақ қойып, сұхбат құруды;



тірек сөз, сурет бойынша баяндауды;





заттарды сипаттауды;

сауатты жазуды.



1 Демалыс мәдениеті

Шағын мәтіндегі негізгі ойды түсінесің.

Таза Қазақстан — әр адамның және барша халықтың күнделікті дағдысы, өмір салты болуы қажет.
Қасым-Жомарт Тоқаев

Мен сыпайылық сақтаймын
Сен сыпайылық сақтайсың
Сіз сыпайылық сақтайсыз
Ол сыпайылық сақтайды

Жаңа сөздер

мәдени саяхат
көңілді
сыпайылық сақта
қатты сөйлеме

Оқы. Қайтала.



мәдени саяхат | көңілді | сыпайылық сақта

Дұрыс айт!

мәдени [мәдеңій]
саяхат
көңілді [көңүлдү]
музей
сыпайылық сақта
қатты [сөйлөмө]

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, Әнелді сипатта.

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Әлібектің сыныбын сипаттайтын сөздерді тап.

Біз сыныппен мәдени саяхатқа шығамыз. Демалыста музейге, театрға, саябақтарға барамыз. Біздің сынып көңілді. Мұғалім бізге: «Музейде, театрда қатты сөйлемең-

дер! Қатты күлмеңдер! Сыпайы болыңдар!» — дейді. Біз тазалық сақтаймыз. Қоқыс тастамаймыз. Мұғалім бізге: «Жарайсыңдар!» — дейді.

3-тапсырма. Екі тапсырманың біреуін таңдап орында.

Сөздерді суреттермен сәйкестендір.	
1. мәдени саяхат	а) 
2. көңілді	ә) 
3. сыпайылық сақта	б) 
4. қатты сөйлеме	в) 

Мәтіндегі мұғалімнің сөздерін суреттермен сәйкестендір.	
1. сыпайы болыңдар	а) 
2. қоқыс тастамаңдар	ә) 
3. күлмеңдер	б) 
4. сөйлемеңдер	в) 

4-тапсырма. 2-тапсырмадағы мәтін бойынша кімнің не істегенін кестеге жаз.

Кім?	Не істейді?
Мұғалім	*Музейде қатты ...,*
Біз	

5-тапсырма. Неге деген сұраққа жауап беріп, сөйлемді толықтыр.

1. Қатты сөйлемейміз, *неге?* ... .
2. Қоқыс тастамаймыз, *неге?* ... .
3. Сыпайы боламыз, *неге?* ... .

Үлгі: Біз шуламаймыз, *(неге?)* себебі музейге келдік.

6-тапсырма. Дұрыс нұсқасын таңдап жаз.

1. Біз сыныппен (әдеби кешке, мәдени саяхатқа) шығамыз. 2. Театрда, музейде (сыпайылық сақтаймыз, әңгіме айтамыз). 3. Біздің сынып (тентек, көңілді). 4. Біз (сыпайы, қатты) сөйлесеміз.

7-тапсырма. Комикстерді пайдаланып, оқушылардың музейге барғаны туралы ауызша мәтін құра.



8-тапсырма. Суреттердегі оқушыларға ат қой. Олар не істеді? Музейде кім сыпайылық сақтады? Кім сыпайылық сақтаған жоқ?

Үлгі: Саша музейде қоқысты жәшікке салды. Ол сыпайылық сақтады. ... сыпайылық сақтаған жоқ, себебі ол ... .



Кел, жаттайық!

Сыпайылық жоқ жерде сыйластық та жоқ.

Есте сақта!

Мәдени саяхатқа шығамыз. Музейде, театрда қатты сөйлеме! Қатты күлме! Сыпайы бол!

2 Абай музейінде

Етістіктің түрлерін қолданасың.

Дұрыс айт!

екі қабатты
ұлы [ұлұ]

Оқы. Қайтала.



Абай музейі

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Бұл — Абай музейі. Абай — қазақтың ұлы ақыны. Музейдің айналасы таза. Гүл мен ағаш көп. Абай музейі екі қабатты. Музейде Абайдың шығармалары, кітаптары, суреттері, заттары бар. Музейде экспонат көп.

2-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, сұраққа жауап бер.

- Бұл кімнің музейі?






3-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтыр.

Музейде Абайдың



бар.

Музейде Абайдың



бар.

ТІЛДІК БАҒДАР

Етістіктің шақтары қимылдың қай уақытта болғанын білдіреді.

Шақ	Сұрағы	Мысал
Өткен шақ	Не істеді?	оқыды, барды
Осы шақ	Не істеп жатыр?	оқып отыр, көріп тұр
Келер шақ	Не істейді?	оқиды, барады

Мысалы:

Кеше мен кітап оқыдым. (өткен шақ)
Қазір мен кітап оқып отырмын. (осы шақ)
Ертең мен кітап оқимын. (келер шақ)

4-тапсырма. Сөйлемдерді өзгерт (шақтарын ауыстыр).

Үлгі:

Музей екі қабатты. → Музей екі қабатты болды / болады.

1. Музейде экспонат тұр.
2. Айнала таза.
3. Кітаптар музейде.

5-тапсырма. Сөздерді үлгі бойынша байланыстыр, сөйлем құра. Қай шақта тұрғанын айт.

Үлгі: Мен (кімнің?) + дос = Менің досым.

Мен (кімнің?) + кітап =
Сен (кімнің?) + сурет =
Ол (Абай) (кімнің?) + музей =
Біз (кімнің?) + ақын =

Үлгі: Мен (кімге?) + кел = Маған келеді.

Мен (кімге?)+ кітап сыйлайды =
Сен (кімге?) + досың көрсетеді =
Ол (кімге?) + дәптер береді =
Біз (кімге?) + апай айтады =

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

Абайдың музейінде нелер бар? (Заттарын ата).

1. Сен музейге барасың ба? (Иә/Жоқ).
2. Музейдің айналасы қандай?
3. Онда өзіңді қалай ұстайсың? (Сыпайы/Қатты сөйлеймін).

7-тапсырма. Қажетті сөзді таңда, сөйлемді аяқта.

1. Абайдың музейіне бару — ... қуаныш/мәдени саяхат.
2. Мақтаншақ болма, ... сыпайылық сақта/ақылды бол!
3. Музейде, кітапханада ... ұйықтама/қатты сөйлеме!
4. Абай музейінің ... айналасы/асты таза.

8-тапсырма. Досыңа музейде не істеуге болмайтынын бұйрық түрінде айт.

Үлгі: Тік тұр! Жүгірме!

Есте сақта!

Бұл — Абайдың музейі. Музейде Абайдың шығармалары, суреттері бар.

3 Мереке құтты болсын!

Әңгімеге қатысып, сұхбаттасыңды түсінесің.

Мен құттықтаймын
Сен құттықтайсың
Сіз құттықтайсыз
Ол құттықтайды

Жаңа сөздер

құттықта
ашық хат
бір-бірімізге
ас

Дұрыс айт!

құттықта [құттұқта]
ашық хат [ашық қат]
бір-бірімізге
ас

Оқы. Қайтала.



Мереке құтты болсын!

мерекелік дастарқан

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1 Әнелді неге құттықтады?
2. Әнелді қалай құттықтады?

2-тапсырма. **Мәтінді оқы. Қимылды білдіретін сөздерді тап.**

Қазақстанда мереке көп. Біз мерекеде бір-бірімізге сыйлық береміз. Ашық хат жазамыз. Жақсы тілек айтамыз. «Мереке құтты болсын!» деп құттықтаймыз. Мерекелік дастарқан жасаймыз. Ет асамыз. Бауырсақ пісіреміз. Ең үлкен мереке — Наурыз. Наурызда наурызкөже пісіреді.

3-тапсырма. **Мәтінді оқып, мерекеде не істейтініңді ретімен айт.**

1. Мен мерекеге дайындаламын.
2. ... .

4-тапсырма. **Суреттерді пайдаланып, жауап бер.**

- Мерекеде не істейміз?







5-тапсырма. Дұрыс нұсқасын таңдап жаз.

1. Қазақстанда (музей, мереке) көп. 2. Біз (мектепте, бір-бірімізге) сыйлық береміз. 3. (Ашық хат, сөз) жазамыз. 4. Мерекемен (көреміз, құттықтаймыз). 5. Ет (ішеміз, асамыз).

6-тапсырма. Мерекеде айтылатын сөздерді тап.

1. Мереке құтты болсын!
2. Сау бол!
3. Құтты болсын!
4. Кешіріңіз!
5. Кешіріңіз, өтіп кетейінші!
6. Құттықтаймын!

7-тапсырма. Жұптық жұмыс. Бір-біріңнен мерекеде не істейтіндеріңді сұрап, сұхбат құрыңдар. Сұрақтарды пайдаланыңдар.

1. Үйде қандай мерекені атап өтесіңдер?
2. Мерекеге қалай дайындаласыңдар?
3. Үйде мерекелік дастарқан жасайсыңдар ма?
4. Мерекеде анаң қандай тамақ пісіреді?

Кел, жаттайық!

Елі қымбат ұланға

Қойып бірде сұрағын
Әлде іштей сынады.
Балалардан мұғалім:
«Не қымбат?» — деп сұрады.

«Қымбат, — деді, — далам да»,
«Қымбат, — деді, — бабам да».
«Қымбат, — деді, — көлім де»,
«Қымбат, — деді, — жерім де».

Ғабиден Қожахмет

Есте сақта!

Бір-бірімізді құттықтаймыз. Ашық хат жазамыз. Ет асамыз. Мереке құтты болсын! Мен сізді мерекеңізбен құттықтаймын!

4 Шеруге шығамыз

Шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсінесің.

Біздің Отанымыз — бір, мемлекетіміз — бір, халқымыз — бір.
Қасым-Жомарт Тоқаев

Мен шеруге шық(ғ)+а+мын
Сен шеруге шық(ғ)+а+сың
Сіз шеруге шық(ғ)+а+сыз
Ол шеруге шық(ғ)+а+ды

Жаңа сөздер


бірлік
шеру
алаң
өмір сүру
өткізу

Дұрыс айт!

бірлік
шеру [шерүу]
алаң
өмір сүру
[өмүр сүрүу]

Оқы. Қайтала.

1 Мамыр құтты болсын!



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт.

2-тапсырма. **Мәтінді оқы. Қимылды білдіретін сөздерді тап. Қимылдың қай уақытта болып жатқанын айт.**

1 Мамыр — бірлік пен достық күні. Бұл күнді барлық адам тойлайды.Бірлік болса, адамдар жақсы өмір сүреді.

Мерекеде алаңда шеру өткізеді. Адамдар ән салады, би билейді. Адамдар бір-біріне: «1 Мамыр құтты болсын!», «Бірлік күні құтты болсын!» — дейді.

3-тапсырма. **Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.**

Қажет сөздер: шеруге, тойлаймыз, Бірлік, алаң, өтеді.

1. 1 Мамыр — ... пен достық күні. 2. Біз Бірлік күнін ... .
3. Мен ... барамын. 4. Шеру алаңда ... . 5. ... орталықта.

4-тапсырма. **Ата-анаңнан немесе үлкендерден сұра. Жиналған ақпаратты пайдаланып, 3 сөйлем құрастыр.**

Тірек сөздер: бірлік, алаң, шеру, өткіз, өмір сүру.

1. 1 Мамырда адамдар қайда жиналады?
2. Олар не өткізеді?
3. Қандай сөздер айтады?

5-тапсырма. **Сөйлемдерді салыстыр. Қайсысының уақыты қашан екенін (қайсысы қазір, қайсысы бұрын, қайсысы кейін) айт.**

1. Адамдар мерекені өткізеді.
2. Адамдар мерекені өткізді.
3. Адамдар ертең мерекені өткізеді.

6-тапсырма. Суреттерге қара. Сұраққа жауап беріп, мәтін құра (3-4 сөйлем).

- Бірлік мерекесінде халық не істейді?





7-тапсырма. Жұптық жұмыс. Бір-біріңді бірлік мерекесімен құттықтаңдар: амандасыңдар, тілек айтыңдар.

Кел, жаттайық!

Қазақ жері — қонақжай төрдің жері,
Қазақ елі — Қабанбайдай ердің елі.
Толқынында тарихтың қуғын көрген
Барша ұлтқа құт-мекен болған еді.

сабақтар.кз

Есте сақта!

1 Мамыр — Бірлік пен достық күні. Алаңда шеру өткізеді. Адамдар тойлайды. Олар жақсы өмір сүреді.

5 Ұландар мерекесі

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бересің.

Мен қорға+й+мын
Сен қорға+й+сың
Сіз қорға+й+сыз
Ол қорға+й+ды

Жаңа сөздер

ұландар
Отан
қорғайды
шегара

Дұрыс айт!

ұландар
Отан
қорғайды
[қорғайт]
шеғара

Оқы. Қайтала.



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт.

2-тапсырма. **Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.**

7 мамыр — Отан қорғаушы күні. Ұландар Отанды қорғайды. Ұландар — батыр. Ұландар Қазақстанның шегарасын қорғайды. Біз оларды мақтан тұтамыз. Бұл күні біз атамызды, әкемізді, ағамызды, бауырымызды құттықтаймыз. Олар қашанда Отан қорғауға әзір.

Отан қорғаушы күні құтты болсын!

1. Ұландар не істейді?
2. Ұландар мерекесі қай күн?

3-тапсырма. **Сұрақтарға жауап бер.**

Сұрақтар	Біз	Олар
Кім?	біз	
Кімнің?		
Кімге?		
Кімді?		
Кімде?		
Кімнен?		олардан
Кіммен?	бізбен	

4-тапсырма. **Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.**

Қажетті сөздер: шегарасын, Отанды, атамызды, әкемізді, қорғауға.

1. Ұландар (...) қорғауға әзір. 2. Ұландар Қазақстанның (...) қорғайды. 3. Бұл күні біз (...) құттықтаймыз. 4. Олар қашанда Отанды (...) дайын.

5-тапсырма. **Мәтіннен қимылды білдіретін сөздерді тауып, қашан болғанын анықта.**

Қимылды білдіретін сөз	Қашан
қорғайды	қазір
құттықтаймыз	?

6-тапсырма. **Досыңды ұландар күнімен құттықта. Ашық хат дайында.**

Кілт сөздер: ұландар күні, құттықтаймын, өмір сүр, жақсы, көңілді және т.б.



7-тапсырма. **«Менің отбасымдағы Отан қорғаушылар» тақырыбына мәтін құра.**

Үйдегі үлкендерден сұра:

- *Отбасында кім Отан қорғаған?*
- *Олар не істейді?*

Сыныпта үлгіні пайдаланып айт:

«Менің атам/әкем/ағам ... .»
«Ол Отанды ... .»

Есте сақта!

Ұландар Отанды қорғайды.
Ұландар шегара күзетеді.
7 мамыр — Отан қорғаушы күні.

6 9 мамыр — Жеңіс күні

Шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсінесің.

Біз ұмытпай+мыз
Сендер ұмытпай+сың+дар
Сіздер ұмытпай+сыз+дар
Олар ұмытпай+ды

Жаңа сөздер

жеңіс
жауынгер
ұмытпау
жау

Дұрыс айт!

жеңіс
ұмытпау [ұмұтпау]
жауынгер
[жауыңгер]

Оқы. Қайтала.



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт.

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Сұрақтарға жауап бер.

9 мамыр — Жеңіс күні. Жауынгерлер Отанды жаудан қорғады. Олар төрт жыл соғысты. Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова — жауынгер батырлар. Олар жеңіске жетті. Адамдар бұл жеңісті ұмытпайды. 9 мамырда мәңгілік алауға гүл қоямыз.

1. Жауынгерлер не істеді?
2. Олар қанша жыл соғысты?
3. Отанды қорғаған батырлар кімдер?
4. Адамдар Жеңіс күні не істейді?

3-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін сәйкестендір.

1	Жеңіс	а	ұмытпайды
2	мәңгілік	ә	қорғады
3	батыр	б	күні
4	жаудан	в	алау
5	батыр жауынгерлерді	г	жауынгерлер

4-тапсырма. Жаңа сөздерді қолданып, сөйлемді толықтыр.

1. Жауынгерлер Отанды ... қорғады.
2. Олар ... жетті.
3. Біз жеңісті ... .

5-тапсырма. Берілген сөйлемдерге сұрақ қой.

1. Жыл сайын 9 мамырда Жеңіс күнін тойлаймыз.
2. Соғыс төрт жыл болды.
3. Жауынгерлер Отанды қорғады.
4. Адамдар жауға қарсы шықты.

6-тапсырма. **Жұптық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріп, сұхбат құрыңдар.**

1. Сен Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан адамдарды білесің бе?
2. Соғыс туралы кино көрдің бе?
3. Біз Жеңіс күнін неге ұмытпауымыз керек?

7-тапсырма. **Қимылды білдіретін сөздердің уақытын анықта.**

Сөздер	Бұрын	Қазір
Қорғады	+	
Соғысты		
Жетті		
Ұмытпайды		
Қоямыз		

8-тапсырма. **9 мамыр — Жеңіс күніне арнап ашық хат дайында. Ол үшін қатты қағаз бен түрлі түсті қағазды пайдалан. Ата-анаңа арнап құттықтау жаз. Құттықтау мәтіні 3-4 сөйлемнен тұрсын.**

Кел, жаттайық!

Сарғая күткен ұлы күн
Шұғыласы бүгін жарқ етті.
Бағына талай миллионның
Баянды Жеңіс күн жетті.

Жұмағали Саин

Есте сақта!

9 мамыр — Жеңіс күні.
Жауынгерлер
Отанды қорғады.
Жауынгер-батырларды
ұмытпаймыз.

7 Біздің мереке

Тірек сөздерді қолданып, сөйлем құрайсың.

Жаңа сөздер

Балаларды қорғау күні
шолу
шеңбері

Дұрыс айт!

шолу
[шолұу]
шеңбері

Оқы. Қайтала.



Шолу шеңбері



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Сұрақтарға жауап бер.

1 маусым — Балаларды қорғау күні. Бұл — біздің мереке. Мерекеде мені ата-анам, туыстарым құттықтайды. Отбасымызбен саябаққа барамыз. Біз шолу шеңберіне отырамыз.

1. 1 маусым қандай күн?
2. Ол кімдердің мерекесі?
3. Кім құттықтайды?
4. Қайда барады?

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жаз.

Қажетті сөздер: саябаққа, отырамыз, құттықтайды.

1. Мерекеде мені ата-анам ... .
2. Отбасымызбен ... барамыз.
3. Біз шолу шеңберіне ... .

3-тапсырма. Суреттерге қарап айт.

- Балалар саябақта не істейді?







4-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, үш сөйлем құра.

Тірек сөздер: Балаларды қорғау күні, мереке, құттықтайды, ұнайды, саябақ.

5-тапсырма. Қажетті сөзді жаз, сөйлемді аяқта.

1. Мен анаммен ... бардым.
2. Біз саябақта ... көрдік.
3. Саябақта ... сусын іштім.
4. ... отырдым.
5. Саябақтың ... гүлдер көп.
6. Гүлдердің ... керемет!

Қажетті сөздер: шеру, шолу шеңберіне, саябаққа, дәмді, иісі, айналасында.

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, сұхбат құрыңдар.

— Саған қандай мереке ұнайды?
— ..... .
— Мерекеде не істейсіңдер?
— ..... .
— Сен кімді құттықтайсың?
— ..... .

7-тапсырма. Екі сөйлемді біріктіріп, құрмалас сөйлем жаса.

Үлгі: Балалар саябаққа барды. Олар ойын ойнады.
Балалар саябаққа барды және ойын ойнады.

- Балалар мерекені тойлады. Олар ән айтты.
- Күн ашық болды. Балалар серуенге шықты.
- Олар сыйлық алды. Олар қуанды.

Есте сақта!

1 маусым — Балаларды қорғау күні. Бұл — біздің мереке. Мен шолу шеңберіне отырамын.

8 Алақай, демалыс!

Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бересің.

Мен демал+а+мын
Сен демал+а+сың
Сіз демал+а+сыз
Ол демал+а+ды

Жаңа сөздер

жазғы, саяжай, көшет, күтім, қоштасу, бос думан

Дұрыс айт!

жазғы
саяжай
көшет [көшөт]
күтім [күтүм]
қоштасу [қоштасуу]

Оқы. Қайтала.



Жазғы демалыс — ең ұзақ мереке.

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. Әлібек нешінші сыныппен қоштасады?
2. Қандай демалыс келді?
3. Жазғы демалысты неге ұзақ мереке деп атайды?
4. Әлібек жазда не істейді?

ауылға барады
үшінші
жазғы
ұзақ
саяжайда демалады

2-тапсырма. Суреттерді мәтін мазмұны бойынша орналастыр.


1


2


3


4

3-тапсырма. Әр сөйлемге «иә» не «жоқ» деп жауап берілетіндей сұрақтар жаз.

Үлгі: Жазғы демалыста ауылға барасың ба?

Жазғы демалыста ауылға барамын. Жазда бос уақыт көп болады. Ауылдың қасында көл бар. Көлден балық аулаймын. Тауға шығамын. Таудың суретін саламын.

Шілдеде саяжайға барамын. Саяжайда көшеттер бар. Көшетке күтім керек. Саяжайда алма жинаймын. Тамызда «Думанға» барамын.

4-тапсырма. Жазғы демалыста не істейтініңді жаз. Төмендегі сөздерді таңдап қолдан.





